

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина**



**«Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдерге арналған
біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын,
оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу
бойынша әдістемелік ұсыныстар»**

Әдістемелік ұсыныстар

**«Методические рекомендации по организации и проведению обучающих
семинаров, дистанционных курсов повышения квалификации для
руководителей организаций образования и учителей»**

Методические рекомендации

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 20 қарашаның № хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № от 20 ноября 2017 года)

«Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдерге арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар».

Әдістемелік ұсыныстар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017.– 60 б.

«Методические рекомендации по организации и проведению обучающих семинаров, дистанционных курсов повышения квалификации для руководителей организаций образования и учителей». Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2017. – 60 с.

Құралда білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша халықаралық және отандық тәжірибелерге талдау жасалған, білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларын, қашықтықтан оқыту курстарын және шеберлік сыныптарын өткізудің механизмі мен құралдары қарастырылған. Біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсыныстар берілген.

Әдістемелік ұсыныстар мектеп басшыларына, әдіскерлер мен пән мұғалімдеріне арналған.

В пособии представлен анализ международного и отечественного опыта по организации обучающих семинаров, дистанционных курсов повышения квалификации для руководителей организаций образования и учителей, рассмотрен механизм и инструментарий проведения обучающих семинаров, дистанционных курсов и мастер-классов для руководителей организаций образования и учителей. Даны рекомендации по организации и проведению курсов повышения квалификации для руководителей организаций образования и учителей.

Методические рекомендации предназначены для руководителей школ, методистов и учителям-предметникам.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017.

© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2017.

Кіріспе

Еліміздегі заманауи өзгерістер, қоғамды жедел ақпараттандыру мен динамизм білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертуде. «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев «... барлық модернизациялау процесінің негізгі жетістік факторларының бірі - ұлттық білім беру жүйесінің жаңаруының табысты өтуі болып табылады» деп атап көрсеткен [1].

Білім беру мазмұнын жаңарту – бұл, ең алдымен, орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту және тәрбиелеу тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша жаңа жүйесін енгізу. Білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы бүкіл іс-шаралар кешені тұлғаның қолайлы, үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін бағытталған білім беру кеңістігін құру.

Қазақстандық білім беру мазмұнын жаңарту білім беру ісінің сапасын тұтастай жоғарылатуға және мамандар даярлау ісінің сапасын жетілдіруге бағыттала отырып, білім беру ісінің мазмұны мен әдістерін жаңашаландыруды, педагогтердің біліктілігін арттыруды талап етеді [2].

Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, педагогтердің біліктілігін жетілдіру жүйесінің алдына мұғалімдердің кәсіби дамуын жетілдіретін бағдарламаларды сапалы жаңашаландыруды көздейтін міндеттер қойылып отыр [3].

Жаңа тұрғыдан қойылған мақсаттар мен міндеттер мұғалімдердің кәсіби құзыретін жетілдіру саласын кеңейте түсті.

Білім беру мазмұнын жаңашаландыру жағдайында, өзінің қызметін сыни және шығармашылық тұрғыдан жаңашаландыруға ынталы мұғалімдерге деген сұраныс арта бастады. Сол білімдері мұғалімдерді ғылымның жаңалықтарын өзінің педагогикалық тәжіибесін сапалы ету үшін қолдануға жетелейді. Осыған байланысты, мұғалімдердің қызметіне әдістемелік қолдау жасаушы әдістер мен функциялары өзгеруде.

Заманауи мәселелер педагогтен жүйелі шығармашылық ойлау, ақпараттық, коммуникативтік мәдениет, бәсекеге қабілеттілік, көшбасшылық қасиет, өмірге деген құлшыныс, жағымды имидж қалыптастыру білігі, өз әрекетіне саналы түрде талдау жасай алу, белгісіз жағдаяттар туындағанда өздігінен шешім қабылдай алу қабілеті, денсаулығын сақтай және нығайта алу дағдылары, қиындықты жеңіп шығу, уайымға қарсы тұру сияқты жаңа кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерді бойына қалыптастыруын керек етіп отыр.

Мазмұны жаңартылған білім беру бағдарламаларын іске асырып, оны өмірде қолдануды жеңілдету әрі сапалы ету үшін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, болашақ ұрпаққа саналы әлемдік деңгейдегі критерийлерге тең болатын сапалы білім беру ісін тек педагогтер ғана атқара алатыны белгілі. Яғни, сапалы кәсіби дайындығы бар педагогтер

ғана өскелең ұрпақты алдағы өмірге сапалы әдістерді меңгерте отырып дайындап, заманауи ойлауын дамытып, өзінің бар мүмкіндігін өмірде іске асыра алатын тұлғаны тәрбиелеп шығара алады.

Осы әдістемелік ұсыныстарды әзірлеудің мақсаты - оқу-әдістемелік семинарларды ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуде, білім беру ұйымдары басшылары мен мұғалімдері үшін қашықтықтан оқыту курстарының негізгі бағыттары мен міндеттерін айқындау.

Әдістемелік ұсыныстарда білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша халықаралық және отандық тәжірибелерге талдау жасалған, білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларын, қашықтықтан оқыту курстарын және шеберлік сыныптарын өткізудің механизмі мен құралдары қарастырылған. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсыныстар берілген.

1 Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың халықаралық тәжірибесі

Барлық дамыған елдерде, соңғы жылдары, мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру жүйесінің жаңашаландырылып жатқаны айқын. Ондай үдеріс кез келген қоғамның дамуының басты тетіктерінің бірі болып табылады. Соған қоса, ол экономикалық және рухани өмірдегі барлық салаларға қажетті жоғары білікті мамандарды дайындаудың маңызды бөлшегі болып саналады.

Халықаралық тәжірибедегі педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйелеріне тоқталайық.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) 36 елінің 27-нде және олардың серіктестерінде педагогикалық мамандыққа іріктеуде селективтік (сұрыптау) критерийлері қолданылады. Педагогикалық мамандарды дайындау бағдарламаларына қабылдау міндетті түрде әңгімелесуді, талапкерлердің қабілеттері мен мотивацияларын тестілеуді өткізуді міндеттейді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 32 елінде педагогикалық тәжірибеден өту – міндетті. Педагогикалық тәжірибенің ұзақтығы – 70-120 күндей болады. Жоғары оқу орнының оқытушылары студенттердің педагогикалық практикасына қатысады. Мектеп менеджменті жас оқытушыларды қолдауы тиіс болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 17 елінде мектептің негізгі және жоғары сыныптарында сабақ беруі үшін магистр дәрежесі болуын міндеттейді.

Мұғалім мансабының алғашқы кезеңі кәсібіне қол жеткізуі үшін қойылатын талаптарды күшейтуді қарастырады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 18 елінде мамандығына кіріспе өткізу міндетті болып табылса, 14 елінде - мұғалімдердің тағылымдамадан өтуі міндетті болып табылады. Әлемдік тәжірибеде мұғалімнің қоғамды дамытуға қосқан үлесі негізгі, түйінді болып саналады. Оқытушылық – мансап құру болып саналады. Педагогикалық кадрлардың тұрақтамауы 5%-дан төмен.

Австрияда «Білім беру Оскарлары» бағдарламасы кең таралып келеді.

Германиядағы Бранденбург жерінде жас мұғалімдерді жұмысқа салтанатты қабылдау және тәжірибелі педагогтерді салтанатпен зейнеткерлікке шығарып салу рәсімдері қалыптасқан.

Швецияда мектептердің, университеттердің және кәсіпкерлік салалардың тығыз байланысын қалыптастыруға баса назар аударылып келеді.

Білім беру жүйесінің көшбасшылары мұғалімнің кәсіби тұрғыдан даму жүйесін жаңа тәсілдермен жаңашаландыруда. Олардағы педагогтердің біліктілігін жетілдіру жүйесін Қазақстандағы жүйемен салыстыру мүмкін емес. Өздерінің көлемі жағынан, кезеңділігі жағынан, қамтуы жағынан, орталықтарындыру деңгейі жағынан олар түрлі болып келеді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 20 елінде міндетті біліктілікті жетілдіру курсы жеке мектептер басымдығы бойынша өткізіледі. Біліктілікті арттыру қызметті жоғарылату үшін де, еңбекақысын үстемелеу үшін де қажетті болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму

ұйымының 14 елінде біліктілікті жетілдіру курсы мен мемлекет толығымен қамтамасыз ететін болса, 8 елінде ішінара қамтылады.

Финляндия мен Сингапурдың педагогтері өздерінің біліктілігін жыл сайын жетілдіріп отырады.

Оңтүстік Кореяда мұғалімдерге біліктілікті жетілдірудің қашықтықтан оқу түрі мен мектепшілік семинарлар мен курстардан өтуге таңдау беріледі.

Жапонияда мұғалімдерді қайта даярлау саласы мемлекеттік қарауында болады. Финляндияда педагогикалық кадрлердің кәсіби жетілуіне, дамуына жұмыс беруші жауап береді. Швецияда педагогтердің біліктілігін жетілдіру нарықтық қатынастар негізінде жүргізіліп, мемлекет қатыспайды.

Мұғалімнің кәсіби жағынан дамуы мәселесі, шындығында, өте кең ұғым. Ол, тек курстар мен семинарларға, конференцияларға қатысу ғана емес. Тиімді кәсіби даму дегеніміз – оқыту мен тәжірибенің сапалы қосындысы болмақ. Онан соң ізімен қолдаулар жүргізіледі. Қашықтықтан оқыту курсы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 21 елі ұсынады. Мұғалімдердің білімін жетілдіруді мектептегі жұмысынан үзбей, өз жұмыс орындарында ұйымдастыру тәжірибесі де қолданылып келеді. Сонымен қатар, мұғалімдер қайта дайындалу курсы мен жоғары оқу орындарында және жеке компанияларда оқып шығуына да мүмкіндіктері бар.

Мұғалімдер мен мектеп басшыларының стандарттарында олардың кәсіби құзыреттілігінің сапалық критерийлері де берілген. Оқыту тәжірибесі мен мектеп басшылығының индикаторлары педагогикалық білім берудің бағдарламаларында, жұмысының жеке нәтижелерін бағалауда негіз қаланған.

Германияда біліктілікті арттыру – мұғалімнің мемлекеттік қызметкер ретіндегі міндеттемесі болып саналады. Онда да мұғалімдер өзінің кәсіби дамуына қажетті мол уақытты пайдалана алады.

Біліктілікті жетілдіру орталықтары, әдетте, мұғалімдерге қысқамерзімді (3-4 апта) немесе ұзақмерзімді курстар ұсынады. Жеделдетілген (қысқамерзімді) бағдарлама бірнеше дәріс пен практикалық сабақтар циклынан тұрады. Мұндай қысқамерзімді курстар кеңес беру курстарынан да тұрады және олар оқу жылы ішінде, жұмыстан қол үзбей-ақ оқуына немесе оқушылардың каникулы кезінде ұйымдастырылады. Орталықтар, сонымен қатар, біржылдық курстар да ұйымдастырады. Онда мұғалімдер жұмыстан қол үзіп оқиды. Курстың бағдарламалары жергілікті ерекшеліктер мен мәселелерді ескере отырып құрылады [4].

Орталықтың жұмыс барысын бақылауда, оның жазғы кезде, оқушылардың каникулында, Орталық айнала жақын орналасқан өңірлердің мұғалімдері үшін қысқамерзімді курстарды белсенді түрде ұйымдастыратыны анықталды. Ондай курстарды өткізудің жетекші мақсаты: ғылыми бағыт; шығармашылығын дамыту; білім берудің түрлі әдістері мен тәсілдерін кіріктіре білуді қалыптастыру. Біліктілікті жетілдіру курсының әрбір тыңдаушысы өзінің кәсібіндегі қиындықтарды жеңуге қажетті нақты көмек алады, және педагог Орталықтың кітапханасынан қажетті ақпараттарды не өз бетімен немесе жеке тьюторымен бірге ала алады.

Мұғалімдердің сабақтары 8.00-ден 16.00-ге дейінгі аралықта жүргізіледі.

Бір сағаттық түскі үзіліске шығарылады. Таңертеңнен түске дейін мұғалімдер дәрістерге қатысқан болса, түстен кейінгі мезгілде олар үшін түрлі практикалық сабақтар көрсетіледі. Сабақтардан соң мұғалімдер өз уақыттарын кітапханада өткізіп, ізденіс тақырыптары бойынша теориялық жағынан дайындалады.

Неміс мұғалімдері белгілі бір себептермен, өздеріне ұсынылған жұмыстан қол үзіп оқитын біліктілікті жетілдіру курстарынан бас тарта алады. Ондай негізгі себептер қатарына мұғалімдер мыналарды атаған: оқу тобының жинақталуына байланысты курстық дайындыққа қабылданбауы; отбасы жағдайларына байланысты үйден кете алмайтын себептер туындауы; курсқа жұмыстан қол үзіп кеткен уақытта орнына сабақ беретін мұғалімнің болмай қалуы; әріптестердің қысқы каникул кезінде соншалықты қолдары тимей жатуы. Аздаған мұғалімдер өз тараптарынан кәсіби немесе жеке жағдайына байланысты бара алмайтынын айтқан; сыныптағы оқушыларын ешкімге тастағысы келмейтіні; өзін қызықтыратындай ұсыныс таппағанын айтады; оқу кезінде өз есебінен пәтер жалдап тұратыны; жолақының немесе жүру мерзімінің қолайсыздығы; біліктілікті жетілдірудің қашықтықтан оқу түрін қалайтыны.

Сабақтарды өткізу формаларын талдай келе, атап кететін мәселе мынадай: Орталықта дәрістер (Vorlesung), семинарлар (Seminar), практикалық сабақтар (Uebung), қосымша практикалық сабақтар (Tutorium), емтиханға дайындалу сабақтары мол жүргізіледі.

Солардың кейбірін нақтырақ қарастырайық:

1) Дәріс (Vorlesung) – Орталықта оқытудың классикалық формасы. Дәріс оқуы барысында профессорлар оқу материалын баяндайды, курсқа келген тыңдаушы-педагогтер дәрісті жазып отырады, соңынан барлығы (дәрістен тыс) дәріс материалын қосымша тағы да талдап-тани түседі. Атап кететін тұсы – дәрістерді тек профессорлар ғана жүргізе алады. Дәріске компьютерден презентация мен қолдау жасалады. Көп жағдайда, дәріс оқушы профессор өзінің жеке сайтында орналасқан қандай да бір материалдар туралы айтып сілтеме жасайды. Сол Интернет-сайттарды барлық іздеген адамдар тауып, керегін ала алады.

Курста қолданылып жүрген интерактивтік тақтадан Интернет сайтты қосып, олардағы пайдалы материалдарды мұғалімдердің дұрыс та еркін қолдануын қалыптастыру керек. Дәріс оқитын бір профессордың сайтымен танысып, онда түрліше қызықты материалдар мен сілтемелер өте көп болып келеді. Сонымен қатар, сайтта профессордың жеке дәрістерінің барлығының мәтіндері орналастырылған.

Әрбір дәрістен соң сұрақтар тізімі беріліп, тапсырмалар орындалатылады, сонымен бірге дәріс тақырыбы бойынша қосымша өз бетімен оқып-танысуы үшін керекті әдебиеттер тізімі беріледі (Орталықтың кітапханасындағы каталог).

Тағы бір атап көрсетуге болатын мәселе – көптеген педагогтердің дәріске өз планшеттік компьютерлерін немесе ноутбуктерін ала келетіндігі. Сонда дәріс барысында профессорды тыңдайды, өздеріне ұсынылған электрондық материалдардың ішінен дәрісті қарастырады, дәріс тыңдау барысында

туындаған сұрақтарын қояды. Дәрісі аяқталған соң, профессор, міндетті түрде 15-20 минуттай қалдырып, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап беруге тырысады. Сонымен бірге, профессорға қоятын сұрақтарын оның сайты да орналастыруға әбден болады және өзіне білікті маманның жауап беретініне күмәні болмайды.

2) Семинарларда (Seminar) педагогтер, университет оқытушылары бірігіп, оқу материалын тағы бір өңдеп қарап шығады. Семинарлар екі түрлі болып келеді: семинар-пікірталас және семинар-әңгімелесу. Олардың айырмашылықтары – тек қана формалды түрде және қатысушылардың санында болып келеді. Семинарларды Орталықтың (Wissenschaftlicher Mitarbeiter) ғылыми қызметкерлері өткізеді.

Семинар-әңгімелесу белгілі бір біліктілікті жетілдіру курсына қатысатын барлық мұғалімдерімен жүргізіледі (30-35 адам). Семинарға берілген тақырып, мәселе бойынша арнайы зерттеп, қарастырып жүрген маман шақырылады. Мысалы, «Эмигрант-оқушыларды оқыту: мәселенің мәні мен оны шешу жолдары» деген тақырыпта өткізілген семинарға қатысу барысында байқалған нәрселерді көрсетіп өтуге болады. Бұл семинар барысында Баден-Вюртембергтің Федералды жерінің шетелдіктермен жұмыс жасайтын Министрлік өкілдерімен Интернет-бейне-конференция ұйымдастырылды. Онда Министрлік өкілдері он-лайн күйінде шекара асып, тұрақты мекен етуге келіп жатқан шетелдіктердің санын мәлім етті. Сонымен бірге, эмигрант балалардың саны мен жағдайлары туралы баяндады. Одан әрі қарай, Интернет-конференцияға Білім беру және мәдениет Министрлігінің өкілі қосылып, шетелдік оқушыларға білім берудің басты мәселелері туралы айтты.

Министрліктің екі өкілі де, байланыста қалып отырды, олар семинарға қатысып отырған педагогтермен пікір алмасып отырды.

Семинардың модераторы – осы семинарды өткізуші ғылыми қызметкер болған еді. Ол сөз кезегін семинарға қатысушы мұғалімдерге де беріп отырды. Сондай мұғалімдердің бірі қызықты хабарлама жасады. Ол эмигрант оқушылардың балаларын оқыту барысындағы өзінің үш жылдық тәжірибесін баяндап, кездескен мәселелерді қалай шешкенін айтып берді. Оның тәжірибесінің мәні мынада: мұғалім сыныппен жұмыс жасауға бір-екі эмигрант ата-ананы қатыстырып отырған екен (айталық, түрікті немесе арабты). Ол ата-ана тьютордың міндетін орындап, ресми түрде жалақы алатын болған.

Семинар-пікірталас мұғалімдердің шағын тобымен жүргізіледі (10-12 адам). Семинар-пікірталаста Орталықтың оқытушылары семинарға келген мұғалімдермен біріге отырып, дәрісте алған білімдерін тереңдете түседі. Дәрісте айтылған өзекті мәселелер, атап айтсақ, оқушыларға білім беру, тәрбиелеу, дамыту мәселелері пікірталас әдісі арқылы талқылауға түсіріліп, жаңа ой жинақтауға мүмкіндік беріледі. Тыңдаушылар баяндамалар дайындап, қойылған мәселені шешудің теориялық саналы жолын меңгеруге ұмтылыс жасайды. Мұғалімдер өздерінің мектепте сабақ беру тәжірибелерін де ортаға салып, семинар-пікірталастың қызықты да шығармашылықты деңгейде өтуіне үлестерін қосуының өзі үлкен бағаға ие болады.

Баяндама жасаушыға шектеулі уақыт беріледі (7-10 минут). Одан соң

тындағандары мен көргендері бойынша талқылау басталады. Баяндама міндетті түрде слайдпен презентациялаумен толықтырылады. Слайдтарда сауатты түрде, сыйымдылықпен, түрлі кестелер мен сызбалар, фотосуреттер мен бейнематериалдар қолданылып, тақырып бойынша материалдар тындаушыларының санасында орнығатындай толыққанды болуы міндеттеледі.

Осындай деңгейде өткізілген семинарға қатысушы ретінде, неміс мұғалімдерінің өзін-өзі дамытуға ұзақ уақытын бөлетінін көруге болады.

Мұндай бағытта ұйымдастырылған семинарларға қатыса отырып, олардың табысты болуының ортақ бір көзі – талқылауға ұсынылған тақырыптың қатысушы аудиторияның барлығы үшін өзекті болып отырғанында. Осындай семинарға дайындалу барысында тақырыптың топпен талқылануы да ұйымдастырылған.

Германияда топпен жүргізілетін жобалар мен тапсырмалар оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Мұғалім (жаңа бастағандары немесе тәжірибелілері) өздерінің командамен жұмыс жасау, бір ұйымда жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Орталықта мұғалімдердің ұжымдық тапсырмаларды орындауы үшін, топпен жұмыс жасайтын арнайы бөлмелер әзірленген. Ол бөлмелерде ұзын үстелдер бар және дыбыстық изоляциямен қапталынған.

Практикалық сабақтарда (Uebung, тікелей аудармасы – жаттығу) мұғалімдер модератордың көмегімен қосымша білім, білік, дағдыларға ие болады. Сол білімін, білігін, дағдысын өмірде қолдануына семинар-пікірталас сабағы жақсы көмек болып табылады. Яғни осындай сабақтарда арнайы пән бойынша ғылыми жүйеленген әдістемені меңгере отырып, мұғалімдер оны қалай қолдануын да үйренеді. Практикалық сабақтарға пәндер бойынша бөлінген оқытушылар да қатысады. Тарих пәні мұғалімдерімен болған семинар сабақтарға қатысуда мұғалімдердің түрліше жағдаяттық тапсырмаларды шешудегі әрекеттерін бағалауға болады. Онда мұғалімдер екі топқа бөлінді – «оқушылар» және «мұғалімдер».

«Оқушылар» өздерінің «мұғалімдеріне» тарихқа, жеке тұлғаларға қатысты түрліше сұрақтар беріп жатты. Мысалы, «мұғалім» өзіне Берлин қабырғасы туралы, одан өту мүмкіндігі жөнінде қойған сұраққа барынша сауатты және мазмұнды етіп жауап берген еді. Берлин қабырғасын басып өтудің қиындықтары туралы, солай жасаған адамдарға айуандықпен жаза кесіліп отырғаны туралы айтып бергенде, қатысушы мұғалімдердің барлығы ерекше күйге түсті деуге болады.

Мұғалімдер өздері жасап шығарған жағдаяттық тапсырмалардан басқа, арнайы жағдаяттық жаттығулар жинағындағы тапсырмаларды да орындайды. Ол жаттығулардың әрқайсысында оқылатын пәннің мәселелері ең кішкентай нақты деректеріне дейін келтіріліп берілген.

Ондай жаттығулардан басқа, мұғалімдермен тағы да маңызды жұмыстар жүргізіледі. Ол жұмыс – мұғалімдердің заманауи инновациялық технологияларды сабақта қолдана алатындай дағдыларын қалыптастыру. Курс барысында барлық сабақтар интерактивтік тақталармен жүргізіледі, компьютерлік презентация жасаудың әдістері мен жолдары және олардың мол

мүмкіндіктері таныстырылып, меңгертіледі.

Орталықта мұғалімдерді оқытып, білімін жетілдірудің ажырамас бір бөлшегі – арнайы қосымша сабақтар ұйымдастырып өткізу. Мұғалімдерге мұнда инновациялық технологияны жақсы меңгерген, дайындалып келген мамандар түрліше тапсырмалар орындату арқылы инновациялық технологияларды қолдануға деген қажетт ұмтылыс жасауға көмек береді. Орталықтың мұғалімдері (тьюторлер) дәріс те өткізіп, практикалық тапсырмаларды да орындатып, курсқа келген мұғалімдердің өзі оқытатын пәнін тереңдей білуіне мүмкіндіктер тудырады. Әрине, ондай мұғалімдер, зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын болғандықтан (Германияда әрбір мұғалім зерттеу жұмысын жүргізеді) соындай әдістердің тиімді екендігін түсініп, өзінің тәжірибесіне қабылдай алады.

Емтиханға даярлық сабақтарында (Klausurenkurs) алдыңғы өткен емтихандар бойынша тапсырмалар орындалады. Осындай сабақтар арқылы мұғалімдер алдағы тапсыратын емтиханына жақсылап дайындалуына мүмкіндік беріледі. Қандай да бір сабақтарға табыспен қатысып, жақсы нәтижелерге ие болған мұғалімдер анықтама қағазын алады (Schein). Тек сондай анықтама қағазы бар мұғалімдер ғана емтиханға кіргізіледі. Курстың соңғы екі күні емтихандарға арналады.

Мұғалімдердің барлық қатысқан сабақтары, дайындап тапсырған Рефераты, орындаған бақылау жұмыстары т.б., барлығы, осы Анықтама қағазына тіркеліп жазылады. Бір атап кететін мәселе – сол мәліметтердің барлығы тек қағаз түрінде ғана емес, курсты тыңдаушы мұғалімнің электронды картасына да түсіріліп жазылып беріледі. Ол электронды картаға тек мұғалім мен Орталықтың маманының ғана қолдары жетеді.

Осылай, Орталықтың әрбір мұғалімі курста болған мұғалімнің қатысу барысын, нәтижелерін қарауға мүмкіндігі болады және оны бағалайды. Соңғы емтиханда жақсы баға алған жағдайда педагогке Куәлік беріліп, мұғалім өзінің жемісті еңбегін онан әрі сенімді жалғастыруына, еңбекақысының өсуіне мүмкіндік алады.

Біліктілікті жетілдіруге арналған заманауи курстардың мазмұнында екінші тілді меңгерту мәселесі, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жасау, психология мәселелері де өзектілікпен қарастырылып келеді.

Жаһандану жағдайында ұлттардың этникалық құрамы қарқынмен өзгеріп келе жатқаны белгілі. Мұның өзі білім беру жүйесіне де ықпалын тигізуде. Сонымен де байланысты көпұлтты сыныптарда сабақ беру деген мәселе бүгінгі күн тәртібінде тұр.

Осындай жүйенің басшысының біліктілігін жетілдіру де аса маңызды мәселе. Өйткені басшы барлық ұжым мүшелеріне түрлі өзгерістер мен талаптар жүйесіне енгізілген толықтыруларды түсіндіріп, ұжымды тәрбиелеуде орны ерекше.

Көптеген елдер үшін тұрақты түрде біліктілігін жетілдіріп отыру – балаларға білім беретін мекемелер үшін міндетті болып саналады.

Соңғы жылдары көпшілікке кең тараған біліктілікті жетілдірудің онлайн-курстары танымал болып келеді. Үлгі ретінде Kindergarten Teachers that Make a

Difference онлайн-курсын атауға болады. Ол курсты The International Step by Step Association (ISSA) халықаралық ұйымы ұсынады [5].

Бұл курстың мазмұнында баланың психологиясы туралы теориялық дәрістер, бейнероликтер, баламен жұмыс жасауда қалыптан тыс әдістер қолдану, интернет-форумдар, оның қатысушылары өзара тәжірибелерімен бөліседі және т.б. Австралияда кең танымал болған тәлімгерлердің практикасы жұмыс жасайды (The Professional Mentoring Program for Early Childhood Teachers). Берілген бағдарлама аясында біліктілікті жетілдіруге келген жас педагог мектепке дейінгі білім беру саласының жоғары білікті педагогін өзінің тәлімгері серіктесі ретінде алады. Сосын ол екеуі бірігіп балаларға сабақ өткізеді. Сабақ өткізу барысында олар өзара тәжірибе алмасады. Одан басқа жас педагог өзінің серіктесінен түрлі сұрақтары бойынша кеңес алады, тіпті курс аяқталған соң да өзара байланыс жасап тұрады. Тәлімгер бірнеше жыл бойы куратор болып жұмыс атқарады.

АҚШ-та түрлі кәсіби ұйымдар мен ассоциациялар бар, олар оқытушылар мен мұғалімдер үшін қысқамерзімді курстар мен бір күндік семинарлар ұйымдастырады (workshop). АҚШ-та көптеген кәсіби конференциялар жиі өткізіліп тұрады. Ол конференциялар түрлі штат пен елдердің педагогтерінің өзара тәжірибе алмасу алаңына айналады.

2014 жылы Мектепке дейінгі білім берудің Калифорниялық ассоциациясы (The California Kindergarten Association) 31-ші жылсайынғы конференциясын өткізді. Оған 700-дей қатысушылар жиналды. Осы конференция аясында кіші жастағы баланың психологиясы туралы түрліше конференциялар өткізілді.

2 Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша отандық тәжірибелерді талдау («Өрлеу», ПШО)

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр. Білім беру мазмұнын жанарту білім беру сапасын арттыруда жаңаша жолдар мен әдістерін табуға дағдыланған «Жаңа формация маманы» болу – білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім жаңа формация мұғалімі ретінде негізгі тұлға болып табылады.

Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау ғылыми-техникалық ілгерілеудің, экономикалық дамудың және әлеуметтік салалардың талаптарына байланысты бұрын алған немесе жаңа кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету мақсатында, сонымен қатар кәсіптік дайындығын арттыру бойынша азаматтардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында іске асырылады.

«Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтарда бекітілген № 95 бұйрығымен жүзеге асады. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 38-1) тармақшасына сәйкес педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары әзірленген [6].

Осы кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстары

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде қашықтықтан оқу нысаны);
- 2) еңбек қызметінен толық қол ұзу немесе жартылай қол ұзу арқылы;
- 3) жеке білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады.

Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы, «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы», меншік нысанына қарамастан жоғары оқу орындар, білім беру орталықтар, біліктілікті арттыру институттары мен заңды тұлғалар, сонымен қатар облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әдістемелік кабинеттері және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттері педагог кадрларының біліктілігін арттыру білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары өткізеді. Шетелдегі курстарды «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастырады. Шетелдегі курстарды педагог кадрлардың біліктілігін

арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдік білім беру ұйымдары, халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтары өткізеді.

Біліктілікті арттыру мұғалімнің кәсіби дамуының міндетті шарты болып табылады. Педагог қызметкердің ұзақтығы төрт айдан аспайтын кем дегенде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға құқығы бар. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі үздіксіз білім беру жүйесінде лайықты орынға ие болды.

Курстарды курстық даярлық бейіні бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар оқытушылар, қазақстандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен дайындалған сертификатталған тренерлер, курстық даярлық бейіні бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар өндірістік кәсіпорындардың мамандары мен қызметкерлері, педагогикалық және бейінді мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының профессорлар-оқытушылар құрамы өткізеді. Жекелеген дәрістерді оқу мен практикалық сабақтарды жүргізуде әдіскерлер, педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары, практиктер, өндірістік кәсіпорындардың мамандары, өңірлік кәсіпкерлер палатасы мен жұмыс берушілер қауымдастығы қызметкерлері тартылады.

2011-2012 жылдары мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесі жаңғыртылды. Мұғалімдердің инновациялық бағдарламалар бойынша курстық дайындықтан өтудің жаңа инфрақұрылымы – «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығы құрылды. Республикалық білім беру жүйесі педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты мен 16 БАИ-ды біріктіру арқылы облыс орталықтарындағы филиалдарымен «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы құрылды.

➤ *Еліміздің педагогикалық кадрларының саны 2016 жылы 304,1 мың адамды құрады, бұл 1991 жылғы көрсеткіштен біршама жоғары (+33 870 адам).*

➤ *25 жылда біліктілікті арттыратын әртүрлі курстарымен, семинарлармен, вебинарлармен және кәсіби дамудың басқа нысандарымен 1,5 млн астам мұғалім қамтылды.*

➤ *2012-2015 жылдары 52 885 мұғалім деңгейлік бағдарламалар бойынша оқытудан өтті. Осылайша, жаңа педагогикалық технологияларды және оқытудың жаңа мазмұнын оқытуға енгізетін мұғалімдердің «сыни тобы» қалыптасты*

Дереккөз. «ҚРбілім беру жүйесінің жай-күйі және дамуы туралы Ұлттық баяндама», 2016 ж [7].


«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 232 қаулысымен құрылды. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институт пен 16 облыстық және Астана, Алматы қалалық біліктілікті арттыру институттары Ұлттық орталықтың филиалдары ретінде анықталды.

«Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығының басты қызметі – әлемдік және қазақстандық озық тәжірибені енгізу негізінде жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагог кадрлар біліктілігін жүйелі түрде арттыру. Біліктілікті арттыру орталығының басты бағыттарының бірі педагогтар біліктілігін арттыратын әлемдік жетекші білім беру ұйымдарымен тығыз байланыста болу. «Өрлеу» БАҰО АҚ біліктілікті арттырудың жаңа жүйесі аясында Қазақстан Республикасында білім сапасын көтеруді қамтамасыз ететін білім берудің жаңа философиясы мен қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларын енгізу қолға алынған.

2012 жылдан бері «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (ПШО) мен бірге «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті көтеру орталығы» Акционерлік қоғамы және оның филиалдарында үш деңгейлік бағдарламаларды оқыту жүзеге асуда [8].

2012-2015 жылдары деңгейлік бағдарламалар бойынша оқудан 52 885 мұғалім өтті (1-сурет). Соның ішінде үшінші базалық деңгей ден- 36 173, екінші (негізгі) - 7 647, бірінші (ілгері) - 9065 мұғалім (2.2.47-сурет).

1-сурет Деңгейлік курстар тыңдармандарының саны, мың адам



Дереккөз: «Өрлеу» ҰБАО, НЗМ ДББҰ

PISA Халықаралық зерттеу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығының 115 жаттықтырушысын оқытты. PISA-2015 халықаралық зерттеуге қатысуға даярлау мақсатында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдерін оқытуды «Өрлеу» ҰБАО» АҚ жаттықтырушылары жүзеге асырды. Мұғалімдерге курстан кейінгі қолдау көрсету мақсатында www.oreleu.kz веб-ресурстар жұмыс істейді.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №169 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастырудың Ережесі» негізінде институт филиалының «Қашықтықтан оқыту» технологиясы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары Ережесі жасалынып, ғылыми кеңесте бекітілді. Қашықтықтан білім беру жүйесі dis.sdo.kz, do-oreleu-shimkent.kz домендарында орналасқан. Қашықтықтан білім

беру Moodle бағдарламасында жасалынды.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде сабақ жүргізу барысы он-лайн режимінде немесе офф-лайн режимінде өткізуге негізделген.

«Он-лайн» режимінде оқу сабағы оқу процесінің өзара әсерін қамтиды, яғни бейнеконференция, чат, телефон бойынша байланыс жасау арқылы ұйымдастырылады.

«Офф-лайн» режимінде оқу сабағы білім беру процесі кезінде оқытушы мен білім алушы арасындағы тілдесу асинхронды түрде өтеді (электрондық пошта, кейіннен аралық немесе қорытынды бақылау тапсыруымен, тьютордың тапсырмасы бойынша білім алушының оқулық бойынша жұмысы және т.б.).

«MOODLE» - курсты басқару жүйесі (CMS) ашық түрдегі қолжетімділік бағдарлама, қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға бағытталған, тыңдаушы мен тьютор* арасындағы бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастыруға арналған пакет.

Тьютор (Tutor) – оқу материалын игеруге бақылау жасауды жүзеге асыратын қашықтықтан білім беру технологияларының оқытушы-консультанты.<http://www.orleu-uko.kz/moodle/>

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 20 аға оқытушысы мен бөлім мамандары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Қашықтықтан оқыту: тьюторлар мектебі» арнайы курсынан өтті. Курс барысында on-line режимінде тапсырмалар ала отырып, форум, чат бөлімдерінде жеке білімін жетілдіруде әлеуметтік кең жолақты интернет желісін қолдануда [9].

2014 жылы экспериментальды түрде 5 тақырыппен 52 курс тыңдаушылары тіркеліп, Инновациялық технологиялар мен жаратылыстану-ғылыми (гуманитарлық) пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы Б.Матекова «Алаштану» тақырыбында, Мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш оқыту кафедрасының аға оқытушы З.Қуанышбаева «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңашыл технологиялармен үйлестіру: Н.Зайцев, М.Монтессори, ТРИЗ» тақырыбында, Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушы М.Медетбекова «Коммуникативтік қарым-қатынастың педагогтық-мәдени құзыреттілігі» тақырыбында, Басқару мен білім беру сапасы кафедрасының аға оқытушы Н.Азбердиева «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында дуалды оқыту жүйесін ендіру» тақырыбында, Мұғалімнің кәсіби дамуын педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу кафедрасының аға оқытушысы З.Тұрсынбаева «Инклюзивті білім берудегі педагогикалық-психологиялық қолдау қызметін ұйымдастыру» тақырыбында қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, біліктілікті арттыру «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» негізінде 10 жылдан бері жүргізіліп жатыр. Осы уақыт аралығында қашықтықтан

біліктілікті арттыру курстарынан жүздеген мұғалімдер өтті http://orleu-edu.kz/FullNews_kaz/785.

Қашықтықтан оқыту курстары тиімді өтуі үшін ПҚ БАИ-ның оқытушылары мен әдіскерлері өзінің кәсіби шеберліктерін арттырып және оқи жүре, осы бағыт бойынша жаңа деңгейлерді меңгереді.

Сонымен, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында» 2014 жылдың 25 сәуір күні «Google сайттарының негізінде педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын ұйымдастырудың нормативтік-әдістемелік негіздері» тақырыбы бойынша ПҚ БАИ қызметкерлеріне арналған курстар аяқталды. 24 тыңдаушы Google сайттарының мүмкіндіктерін пайдалану бойынша бағдарламаны меңгерді. Сынаққа барлық 24 тыңдаушы Google сайтына түрлі пән және педагогикалық қызметтің бағыттары бойынша өздерінің қашықтықтан оқыту курстарын дайындады және өз әріптестеріне ұсынды. (Мысалы: «Бүгінгі таңдағы инклюзивті білім беру», «Жаңа формацияның психолог-педагогы», «Заманауи мектептегі тұлғалық-бағдарланған оқыту», «М.Монтессори әдістемесі негізінде мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту» және т.б.)

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында 2009 жылдан бері қашықтықтан оқыту зертханасының негізінде 3-тен 20-ға дейін (п.ғ.д. Полат Е.С., концепциясы бойынша, Москва қ.) қашықтық курстар өткізілді. Аталған концепция қашықтық және күндізгі оқу формаларының тиімділігін қарастырды (30% оқу уақыты). Осы уақыт аралығында қызметтің осы саласындағы арнайы білікті мамандардан қашықтықтан оқыту модераторлары белгіленді. Оқытудың осындай түрлерін белсенді түрде енгізу институт қызметіне кейс, жобалау-зерттеу технологиясы, тайм-маркетингі енгізуге ықпал етті.

Бүгінгі таңда «Өрлеу» біліктілікті арттырудың Ұлттық орталығы» АҚ-ның Ақтөбе филиалы blended learning –аралас оқыту режимінде, 2017 жылы «Өрлеу» ПБАҰО» АҚ-ның бастаған жаңа жобасы негізінде педагогтардың кәсіптік құзіреттілігін дамыту жағдайларын қамтамасыз етуде. Республика педагогтарының біліктілігін арттыру үшін «Өрлеу» ПБАҰО» АҚ , Ұлттық білім беру порталы құрылды.

Институтта педагогикалық тәжірибелерді таратуды қамтамасыз ететін, ресми және ресми емес кәсіби әңгімелер жүргізетін желілік қоғамдастықтар құрылған. Филиал сайтында «Рухани жаңғыру» тұрақты рубрикасы жұмыс істейді, «Мұғалімге көмек: институт тренерлері мен мұғалімдерінің дәрістік материалдарының мазмұны» банкі жүйелі түрде толтырылып отырады.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында ғылыми-педагогикалық ұжымы 3 жылдан бері «Біліктілікті арттырудың жаңа форматы аясында педагогтық қызметті критериялды бағалау жүйесі» мәселесі бойынша жұмыс жасап келеді. Ақтөбе филиалында 2017 жылы 6 инновациялық алаң ашылды:

1.Халықаралық ынтымақтастық аясында тәжірибе алмасу бойынша ашық алаң;

2.«Техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңарту» пікірталас алаңы;

3.«Білім берудің жаңартылған бағдарламасы: шығармашылық пен шеберлік жолында» табысты педагогтар алаңы (Ақтөбе қаласының «Назарбаев Зияткерлік мектебі» базасында);

4.«Коучинг мектеп»: оқу мен оқытудың инновациялық технологиялары (Ақтөбе қаласы «Сымбат» білім беру кешені базасында);

5.«Thomson Reuters–сараптамалық ақпараттардың, ақпараттық шешімдердің және кәсіби шеберлер туралы базаның көшбасшы жеткізушісі» тақырыбындағы педагогтың өзін-өзі дамытуы бойынша он-лайн алаңы;

6.Тренингтік шеңбер: «Педагогтың кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау».

«Thomson Reuters- аналитикалық ақпараттардың, мамандардың мәліметтер базасы мен ақпараттық шешімдердің көшбасшы жеткізушісі» педагогтың өзін-өзі дамытудың он-лайн алаңы жұмыс жасайды. «Thomson Reuters-ақпараттық ресурсы бойынша ғылыми зерттеулерге арналған он-лайн семинарларды жыл бойы - кафедра, бөлім меңгерушілері, ЦУП, ППС және институт тренерлері өткізеді. Сонымен бірге «Thomson Reuters-ақпараттық ресурсы бойынша кеңес беру жұмыстарын сарапшы Бухарбаев Б.Х.-инновациялық технологиялар және жаратылыстану (гуманитарлық) пәндерін оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Трнабаева Н.С. – қоғаммен байланыс және «Өрлеу» БАҰО» Ақтөбе филиалының баспа қызметі бөлімінің басшысы жүргізеді.

Өткізілген біліктілікті арттыру курстарының сапасын талдау, сондай-ақ олардың тиімділігін айқындау үшін педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының тиімділігін бағалау бойынша мониторингтік зерттеу жүргізіліп отырады.

2017-2018 оқу жылынан бастап жаратылыстану-математика бағытындағы 4 педагогикалық мамандық бойынша педагог кадрлар даярлауды жүзеге асыратын 15 базалық жоғары оқу орнында жоғары оқу орындарына арналған білім беру бағдарламаларын, оқулықтар мен ОӘК әзірлеу арқылы ағылшынша оқытуға көшу жүзеге асырылып жатыр.

Мектептер үшін мұғалімдерді іріктеу кезінде «білім беру магистрі» дәрежесі бар мамандар кеңінен тартылуда. Мектеп педагогтерін кәсіби жағынан дамыту біліктілікті арттырудың деңгейлік курстарының бағдарламаларын жаңғырту аясында жалғастырылуда.

ЖМЦ-нің төрт пәнін ағылшын тілінде оқытатын педагог кадрларға және үштілділікті енгізуге деген қажеттілік:

1) білім беру ұйымдарында оқытуға тарту тетігі арқылы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің;

2) жоғары оқу орындарында және колледждерде мұғалімдерді мақсатты даярлау;

3) физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру;

4) студенттер алмасу және волонтерлерді тарту бағдарламасы есебінен

шешілетін болады.

Кадрларды даярлау ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ қызметінің басымдықты стратегиялық бағыттарының бірі Зияткерлік мектептердің жинақтаған тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне тарату болып табылады.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату еліміздің педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен мұғалімдері үшін онлайн сабақтар мен семинарлар өткізу, инновациялық тәсілдемелерді және халықаралық тәжірибені зерттеу және енгізу бойынша жыл сайын халықаралық конференцияларды, оқыту семинарларын, оқытудың интерактивті және активті әдістері мен амалдары жөніндегі мастер-кластарды ұйымдастыру және өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үш бағытта жүргізілуде:

- 1) мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды оқыту;
- 2) озық педагогикалық тәжірибемен алмасу;
- 3) орта білім берудің мазмұнын жаңарту.

2011 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Халықаралық Кембридж Университетінің емтихан кеңесімен өзара жинақтаған тәжірибесін еліміздегі жалпы білім беретін мектептерге таратуды жүзеге асыру мақсатында Педагогикалық шеберлік орталығы құрылды.

Педагогикалық шеберлік орталығы қызметінің басты мақсаты Қазақстан Республикасының педагогика саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептері мен шетелдік озық педагогикалық тәжірибелерді тарату болып табылады.

ДБҰ Педагогикалық шеберлік орталығы қазақстандық және халықаралық серіктестерімен бірге Қазақстан Республикасының педагогика саласы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсының деңгейлік бағдарламаларын құрастырды (бірінші (жетілген), екінші (негізгі), үшінші (базалық)).

2012 жылдан бастап Педагогикалық шеберлік орталығының негізінде ДБҰ мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесіп әзірлеген төмендегі бағдарламалар бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру курстары өткізілді:

- 1) Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлік бағдарламалары;
- 2) Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 3) Орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен оған қарасты ведомствалық ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы;
- 4) PISA Халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі мұғалімдердің біліктілігін

арттыру бағдарламасы;

5) Педагогикалық мамандықтар бойынша соңғы курс студенттері мен ЖОО-лардың профессорлық-оқытушылар құрамы үшін қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы;

6) Назарбаев Зияткерлік мектептерінің «Мектепте қақтығыстар мен күйзелістерді басқару» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасы.

Зияткерлік мектептерде енгізілетін және іске асырылатын халықаралық деңгейдегі педагогикалық практикадан үздік мысалдар курстардың негізі болды. Деңгейлік бағдарламалардың мазмұны мұғалімнің сабақ беру мен оқытудағы жаңа көзқарас, сыни ойлауды оқыту, оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау, сабақ беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушыларға жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ беру және оқыту, оқытудағы басқару және көшбасшылық құзіреттігін қалыптастырады.

Курстардың жаңартылған бағдарламасы пәндік ерекшеліктерді ескереді, мұғалімдерге оқу барысында алған білім мен дағдыларды барынша тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа форматында мұғалімдердің өздік жұмысына көп назар аударылады. Деңгейлік бағдарламаларды ұтымды жүзеге асыру және Зияткерлік мектептер тәжірибесін тарату үшін қалаларда ПШО 16 филиалы ашылды: Ақтау, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавловск, Семей, Талдықорған, Тараз, Орал, Өскемен және Шымкент.

Деңгейлік бағдарламаларды іске асыруда:

3-деңгей бойынша дайындық – ПШО мен оның филиалдары, «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті көтеру орталығы» Акционерлік қоғамы және оның филиалдарында;

2-деңгей бойынша дайындық - ПШО мен оның филиалдары, «Өрлеу» ҰБКО» АҚ-да;

1-деңгей бойынша дайындық - ПШО мен оның филиалдарында жүзеге асты.

Орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен оған қарасты ведомствалық ұйымдар қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған бағдарлама мен оқу материалдары әзірленіп, еліміздің білім басқармалары орталық органдарының басшыларын әлемдегі заманауи білім берудің даму үрдістерімен, Қазақстандағы орта білімнің мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша олардың тиімді басқарымдық шешімдерді қабылдауына көмектесу үшін осы бағыттағы озық тәжірибемен және дағдылармен таныстыру үшін 302 қызметкер оқытылды.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2016 жылғы жылдық есебі бойынша бастауыш мектептің бағдарламасы бойынша 287, негізгі мектептің бағдарламасы бойынша 414 барлығы 701 мұғалім біліктілікті арттыру курсынан өткен.

2012 және 2016 жылдар аралығында ПШО мен оның филиалдарында деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беретін

мектептердің 22 583 мұғалімі даярланған. төмендегі 1-кестеде біліктілігін арттырған мұғалімдерге талдау жасалған.

1-кесте. 2012-2016 жж. ішінде деңгейлік және білім беру бағдарламалары бойынша білім алған мұғалімдер саны

Білім беру ұйымының атауы	Бағдарлама деңгейінің атауы	Оқуды аяқтаған мұғалімдер саны					
		барлығы	оның ішінде				
			2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Педагогикалық шеберлік орталығы	Үшінші (негізгі)/ «Тиімді оқыту мен оқу»	6 934	1 053	1 147	1 004	1 949	1 781
	Екінші (негізгі)/ «Мұғалімнің мектептегі көшбасшылығы»	3 589	-	997	999	173	1 421
	Бірінші (ілгері)/ «Мұғалімнің педагогикалық қауымдастықтағы көшбасшылығы»	12 060	-	3 093	3 101	2 871	2 995
Барлығы:		22 583	1 053	5 237	5 104	4 993	6 197

Орта білімнің мазмұнын жаңарту аясында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдар басшылары мен басшылардың орынбасарларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша -50, Орта білімнің мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалауды енгізу бойынша аймақтық үйлестірушілердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша - 100, «Робот техникасы» таңдаулы курсы бойынша Қазақстан Республикасы педагогикалық кадр біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасына-80 маман қамтылған. Барлығы ПШО-нда 2015-2016 жылдары Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында 1 469 тренер даярланған (2015 жылы – 768, 2016 жылы – 701). Төменгі 2-кестеде берілген [10].

2-кесте. 2015-2016 жж. даярланған тренерлер саны

Білім беру ұйымының атауы	Даярланған тренерлер саны		
	Барлығы	2015 ж.	2016 ж.
ПШО және оның филиалдары	258	185	73
Назарбаев Зияткерлік мектептері	49	49	-
Ы. Алтынсарин атындағы ҰБО	19	19	-
«Өрлеу» БАҰО» АҚ және оның филиалдары	612	262	350
Басқа білім беру ұйымдары (соның ішінде жалпы білім беретін ұйымдар)	531	253	278
Барлығы:	1469	768	701

Деңгейлік бағдарламаларға және мектеп басшыларының бағдарламаларына оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқалары курстарды тыңдаушылардың еркін қол жеткізуі үшін Педагогикалық шеберлік орталығының сайтының білім беру порталында жарияланады.

PISA Халықаралық зерттеу аясында оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамыту бойынша жаттықтырушыларды оқытуға және мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арналған бағдарламалар әзірленді. Барлығы Педагогикалық шеберлік орталығында ДБҰ, Педагогикалық шеберлік орталығының «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» АҚ (бұдан әрі «Өрлеу» ҰБАО» АҚ) қызметкерлері қатарынан 115 жаттықтырушы оқытылды.

PISA-2015 халықаралық зерттеуге қатысуға даярлау мақсатында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің мұғалімдерін оқытуды «Өрлеу» ҰБАО» АҚ жаттықтырушылары жүзеге асырады.

Педагог мамандарды даярлауды жүзеге асыратын ҚР ЖОО-ларға әдістемелік көмек көрсету аясында 3 бағдарлама әзірленді: педагог мамандарды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лардың соңғы курсындағы студенттерді қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша оқыту; деңгейлік бағдарламалардың негізінде жасалған ЖОО-ның профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру (арнаулы курс); педагог мамандарды даярлайтын ҚР ЖОО-ларының 4 курс студенттеріне арналған қосымша кәсіптік білім беру. Мысалы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің педагогикалық мамандықтар түлектерінен құралған 25 тыңдаушыға арнап 160 академиялық сағат көлемінде сабақтар өткізілді. Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша «Мектептің білім беру үдерісі жағдайында қақтығыстар мен күйзелістерді басқару» тақырыбындағы курстар аясында 32 педагогикалық қызметкер оқытылды.

Педагог қызметкерлерді курстан кейінгі қолдау үшін білім беру ұйымы мұғалімдерінің және ұжымының өзара желілік әрекеттестігінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін жасаған, мұғалімдердің білімі мен дағдыларын әрі қарай жетілдіру және олардың мектеп тәжірибесін жақсарту жөніндегі қызметін жандандыру, мұғалімдердің проблемаларына және қазақстандық мектептердің жаңа қажеттіліктеріне икемді әрекет ету, қазақстандық мектептерде оқытудың табыстылығына және оқушылардың бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында бағдарламалардың негізгі идеяларын енгізудің нәтижелілігін курстан кейінгі мониторингілеуді ұйымдастыру және өткізу қарастырылған.

Білім беру порталы, электрондық әдістемелік жинақ, желілік қоғамдастық, блоктар, форумдар, вебинарлар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және конференциялар өткізіледі.

2014 жылдың қыркүйегінен 2015 жылдың наурызы аралығында пилоттық мектептер үшін 75 оқыту семинары, 234 онлайн сабақ, 23 онлайн семинар, 152 шеберлік сағаты, 7 тағылымдама өткізілген.

Дереккөз: <http://www.nis.edu.kz/kz/edurenew/renewinfo/>

Барлық оқу материалдары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде басылып шығады және ПШО сайтында www.cpm.kz орналастырылған.

Республиканың педагог қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау үшін ПШО сайтының базасында www.cpm.kz. біліктілікті арттырудың деңгейлі бағдарламалары аясында оқудан өткен педагогтердің желілік қоғамдастығы құрылды. ПШО сайтының форумы мұғалімге білікті консультативтік көмек алуға мүмкіндік береді.

Кәсіби желілік қоғамдастық Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде тұратын мұғалімдерге кәсіби мәселелерді шешуге және өзінің шеберлік деңгейін арттыруға көмектеседі. Желілік қоғамдастық мұғалімнің кәсіби қызметіне қолдау көрсетеді, бірлескен желілік практикалық қызмет арқылы өзін-өзі іске асыру мүмкіндігін береді, жаңа білім беру бастамаларын жасау және қолдау, бірыңғай ақпараттық педагогикалық ресурс құру, мұғалімдердің желідегі практикалық қызметін ұйымдастыру, құрылатын жобаларға қатысушылардың шығармашылық қабілетін дамыту және іске асыру жұмысын атқаруда.

Республика ауқымында бірыңғай ақпараттық-әдістемелік кеңістік құру қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға, оқушыларды ПШО жаттықтырушыларының және қызметкерлерінің тьюторлық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді [10].

2014 жылдың қыркүйегінде ПШО Майкрософт Қазақстан компаниясымен бірлесіп, жаттықтырушылар құрамының АКТ-сауаттылығын арттыру мақсатында жаттықтырушылар үшін бірінші вебинар өткізді. Олар Майкрософт компаниясының «Технологиялардың көмегімен оқыту» тегін онлайн курсымен танысты.

2013-2014 оқу жылы 480 онлайн сабақ өткізілген. Онлайн сабақтардың мазмұны негізгі және жоғары мектеп оқушылары үшін оқушылардың математикадан, физикадан, химиядан, биологиядан, ағылшын тілінен және информатикадан білімдерін, біліктіліктерін және дағдыларын кеңейту және тереңдетуге бағытталған.

Онлайн сабақтарды трансляциялау Eluminate Live бағдарламалық жасақтаманың негізіндегі ҚР БҒМ-ның ELP (elp.kz) порталы арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, онлайн сабақтар шынайы уақытта (1.sabak.kz) сайтында трансляцияланады. Онлайн сабақтарының материалдары ДБҰ-ның сайтында орналастырылған.

Мұғалімдер жасаған оқу бейнероликтері мен бейнефильмдер youtube.com порталының NIS for You арнасында орналастырылады.

Онлайн семинарларының мазмұны жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдерін критериялық бағалау жүйесіне оқытуға бағытталған және оларды Зияткерлік мектептердің мұғалімдері аптасына 1 рет математика, физика, информатика, химия, биология, ғылымға кіріспе, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, жаһандық перспективалар және жобалау жұмысы, өнер пәндері бойынша өткізеді.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2016 жылғы жылдық есебі бойынша бүгінге дейін 48 онлайн семинар өткізілген. Сабақтар мен семинарлардың барлық материалдары (бейнеүзінділер, тәжірибелер, таныстырылымдар) порталда орналастырылған, ҚР мектептерінің мұғалімдері онлайн режимде Зияткерлік мектептердің мұғалімдерінен

әдістемелік және сабағаттық қолдау алу мүмкіндігіне ие [11].

2016 жылдан бастап «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Тиімді оқыту», «Мектептің біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар», «Сыныптың біртұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар», «Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар» бағдарламалары бойынша курстар өткізілді.

Орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясында 15 бағыт бойынша орта білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бастауыш сынып оқушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы, бастауыш пән мұғалімдері үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша (L1): 5-11 сыныптар, «Орыс тілі» (L1): 5-11 сыныптар, «Қазақ тілі» (L2): 1-11-сыныптар, «Орыс тілі» (L2): 1-11-сыныптар, «Ағылшын тілі»: 1-11-сыныптар; мектептерде критериалды бағалауды енгізу бойынша тілдік пәндер мұғалімдері үшін; Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында информатика пәні мұғалімдері үшін; критериалды бағалауды енгізу бойынша «Информатика» және «АКТ» пәндері бойынша; оқушылардың (6-9-сыныптар) жобалау қызметін ұйымдастыру бойынша жаратылыстану-математикалық цикл пән мұғалімдері үшін; критериалды бағалауды енгізу аясында (6-9-сыныптар) «Жобалау қызметі» пәні бойынша жаратылыстану-математикалық цикл пән мұғалімдері үшін; «Жаһандық перспективалар мен жобалау қызметі» (10-11-сыныптар) пәні бойынша; критериалды бағалауды енгізу бойынша «Жаһандық перспективалар мен жобалау қызметі» (10-11-сыныптар) пәні бойынша; сондай-ақ Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектеп директорларының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарлары үшін педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары қарастырылған.

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған <http://www.sk.nis.edu.kz> жүйелік-әдістемелік кешен сондай-ақ мұғалімдерге тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК 1995 жылдың маусым айынан өз қызметін жүргізіп келеді.

2013 ж. Басынан бастап «Бөбек» орталығының Адамның үйлесімді дамуы институты тұлғаның үйлесімді дамуы мақсатында үздіксіз білім беру жүйесінің құндылықты әлеуетін нығайтуға бағытталған жаңартылған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани бағдарламасын жүзеге асыруда.

«Өрлеу» БАҰО АҚ дәріскерлері қатарынан жаңартылған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани бағдарламасы бойынша дайындалған сертификатталған тренерлер қазіргі уақытта еліміздің барлық аймақтарындағы педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуде.

Білім беруді ұйымдастырушыларға арналған курстар білім беру жүйесі басшыларының «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани бағдарламасы контексіндегі кәсіби көзқарасын өзгертуге бағытталған. Бұл курстар тыңдаушылардың осы санатының шынайы көшбасшылық жөніндегі адамдарға қызмет ету арқылы анықталатын көзқарасын, түсінігін қалыптастырады.

Сонымен қатар, «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани бағдарламасы бойынша педагогтер даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған курстар бар. Бұл курстардың мазмұны мұғалім іс-әрекетінің рухани-адамгершілік аспектілерін, сондай-ақ оқушы тұлғасының қалыптасуының басты факторы ретіндегі педагогтің адамгершілік беделі мен жеке басы үлгісінің рөлін қамтиды.

2014 ж. – «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырудың 3 деңгейлік бағдарламасын іске асыру үшін «Өрлеу» БАҰО АҚ-ның филиалдары қызметкерлерінің қатарынан тренерлер даярланды.

2014 ж. – 2015 ж. – «Өзін-өзі тану» пәні бойынша техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің барлық мамандықтары үшін үлгі (типтік) бағдарламалары әзірленді.

2015 ж. – «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бойынша Қазақстан Республикасы педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың 3 деңгейлік бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстары өз жұмысын бастады.

«Өзін-өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 293 бұйрығымен тіркелді

1) «Өзін-өзі тану» пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы;

2) «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

3) «Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар» курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

4) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бойынша «Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

5) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бойынша «Сыныптың тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

6) «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бойынша «Мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы;

7) «Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар» курсының ғылыми-әдіснамалық негіздері және өткізу практикасы» педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.

«Өзін-өзі тану» рухани- адамгершілік білім беру мақсаты: жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тыңдаушы тұлғасын рухани-адамгершілік тұрғысынан өзгерту, оның рухани-адамгершілік әлеуетін ашу, педагогикалық кадрлардың, білім беру ұйымдары басшыларының ұйымдастырушылық-басқару мәдениетін жетілдіру.

Бағдарлама міндеттері:

1) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдарының қызметкерлерін, білім беру ұйымдарының басшыларын, олардың орынбасарларын басшы қызметкердің рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға қажетті білімдермен, іс-әрекет тәсілдерімен қамтамасыз ету;

2) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың орынбасарларының жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту үдерісін ұйымдастырудың практикалық дайындығын қамтамасыз ету;

3) аудандық, қалалық және облыстық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың орынбасарларының басшылық қызметтерін «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру

Оқыту нәтижелері:

1) жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін терең түсіну;

2) жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген білім беру немесе басқару үдерісін құрудың ерекшеліктерін білу;

3) өзін-өзі тану мұғалімі лауазымына мұғалімдерді іріктеудің критерийлерін білу;

4) өзіндік рухани-адамгершілік кемелденуге талпыну қажеттілігін түсіну.

Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту аясындағы «Өзін-өзі тану» пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері» педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру қысқа мерзімді курсының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен әзірленді. Осы бағдарлама аясында оқыту Қазақстан Республикасының орта білім мазмұнын жаңарту мақсатында жүргізіледі. Бағдарламада барлық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдары қызметкерлерінің, білім беру ұйымдары басшыларының, олардың орынбасарларының біліктілігін арттыру және өзін-өзі тану бойынша білім беру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша толық мәліметтер берілген. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың осы курсының жалпы мақсаты барлық деңгейдегі білім беруді басқару құрылымдарының қызметкерлерін, білім беру ұйымдары басшыларын, олардың орынбасарларын өздерінің адамдық және кәсіби парыздарын қайта пайымдау арқылы және жана білімдерді практикалық кәсіби қызметте қолдану жолымен «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Осы бағдарламалар қазақстандық білім беру жүйесін реформалауға өзіндік үлес қосты.

Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздерін табысты практикалық жүзеге асыру тұлғалық және рухани-адамгершілік өсудің, кәсіби оқытудың және ынтымақтастықтың үздіксіз тәртібін қалыптастыруға жол ашатын нақты айқындалған екі кезеңге құрылымдауға мүмкіндік берді. Бүкіл оқыту үдерісі оқытушы мен тыңдаушылардың интербелсенді ынтымақтастығына құрылды және бұл оқу үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына мүмкіндік берді. Ол педагогикалық өзара әрекеттесуге қатысушылардың жоғары дәрежедегі қарым-қатынасының интенсивтілігімен, іс-әрекеттің алмасуы және әртүрлі болуымен, тыңдаушылардың шығармашылық әлеуетінің ашылуымен, олардың рухани-адамгершілік өзін-өзі жетілдіруімен сипатталады [12].

Оқыту барысында тыңдаушыларға «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында жаңартылған теория ұсынылады, оның негізгі тұжырымдарын олар көпшілік алдында қорғайды. Әрбір модульдің аяғында тыңдаушылар оқылған курстың бір тақырыбы бойынша презентация қорғайды. Оқытудың бұл кезеңі жеке жұмысты және модульдің әрбір тақырыптарын талқылайды.

«Ақыл-есінің немесе бой-бітімінің жетілуінде кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалту» орталығы 2013 жылдан арнайы және инклюзивтік білім беру саласы кадрларының біліктілігін арттыру және қайтадан даярлау курсы арнайы білім беру саласының білім беру бағдарламасын іске асыратын ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Білім беру ұйымдарының қызметтерінің типтік ережелері» Заңдарын басшылыққа ала отырып, мамандардың кәсіптік білім, дағды және икемділіктерін тереңдету мақсатында арнайы білім беру жүйесінің бағдарламасын жүзеге асырады.

Білім жетілдіру курстарының мақсаты – бұл теориялық және практикалық білімді жаңғырту, мүмкіндігі шектеулі балаларды диагностикалау мен түзетудің, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін меңгеру, және отандық, сонымен қатар шетел мамандарын тарта отырып алдыңғы қатарлы педагогикалық технологиялар жобалау.

Курстың басты міндеттері:

- Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласында мүмкіндіктері шектеулі балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істейтін арнайы педагогтардың біліктілігін арттыру.
- Арнайы білім беру ұйымдарындағы жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар мен тәрбиешілерді, сондай-ақ арнайы орташа педагогикалық білімі бар тәрбиешілерді «Дефектология» мамандығының «Олигофренопедагог», «Логопед», «Сурдопедагог» біліктілігі бойынша қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалана отырып қайтадан даярлау.

ӘБЕО Орталығы арнайы білім беру саласында жұмыс жасайтын мамандар үшін логопедтерге, дефектологтарға, олигофренопедагогтарға, сурдопедагогтарға, тифлопедагогтарға, психологтарға, әлеуметтік педагогтарға қысқа мерзімді білім жетілдіру курстарын өткізеді, арнайы білім беру саласындағы түрлі бағыттар мен өзекті мәселелер бойынша екі, және үш күндік курстар ұйымдастырады.

Кадрлардың күнделікті педагогикалық жұмысқа қажетті ең маңызды білім мен практикалық дағдыларын қалыптастырып, олардың қызығушылықтары мен талаптарын ескере отырып, сұраныстарына сәйкес тыңдаушылардың әр тобы үшін білім беру жолын қарастырады.

Арнайы білім беру саласында жұмыс жасайтын мамандар үшін:

1. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясы»;
2. «Ерте жастағы балалардың жүйкелік-психологиялық дамуын бағалаудың скринингтік әдісі»;
3. «Дизартрия кезіндегі логопедиялық массаж»;
4. «Ақыл-парасатында бұзылушылықтары бар оқушылардың жазуын түзету»;
5. «Мүмкіндіктері шектеулі балалармен әлеуметтік және психопедагогикалық жұмыстар жүргізу ерекшеліктері»;
6. «Тілдің және жазудың бұзылуын түзетудің нейропсихологиялық әдістері» атты білім жетілдіру курстарын өткізді.

Түзету педагогикасы саласындағы кәсіби қайта даярлау жоғары педагогикалық білімі бар, арнайы немесе инклюзивті білім беру саласында жұмыс жасайтын немесе жұмыс жасағысы келетін педагогтар үшін жүргізіледі. Қайта даярлау курстары «Дефектология» мамандығының келесі мамандықтары бойынша жүреді:

- «Логопедия»
- «Олигофренопедагогика»
- «Сурдопедагогика».

Оқу-тақырыптық жоспары мамандандыруға байланысты 500 немесе 700 академиялық сағатқа есептелген.

Жұмыс бағдарламалары мұғалімнің күнделікті іс-тәжірибесінде талап етілетін және мейлінше қажетті кәсіби білім, білік, дағды алуға бағытталған.

2012 жылдан бастап қайта даярлау курстары қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланып жүргізілуде, ол іштей-сырттай оқыту түрінде өткізуді қарастырған. Семестрлердің бір бөлігі қашықтықтан оқыту тәртібінде өтеді.

Қашықтықтан оқытудың қазіргі заманғы технологияларын пайдалану маманға мынандай мүмкіндіктерді береді:

- Оқуға бөлінген жеке немесе мекеменің қаржысын үнемдеуге;
- Мамандардың тапшылығы кезінде негізгі жұмысынан ұзақ уақыт қол үзбеуге;
- Мамандығы бойынша жалпы бағдарлама аясында білім алуға;
- Оқу үдерісі әкімгерінің басшылығымен курстан өтудің тиімді кестесін таңдауға.

Төменде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайтадан даярлау бойынша шаралардың 2017 жылға арналған жоспары берілген.

3-кесте. Педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайтадан

даярлау бойынша шаралардың 2017 жылға арналған жоспары

Тыңдаушылар санаты	Өткізу мерзімі	Қурстар тақырыптамасы
Арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері	13-17 ақпан	«Дизартрия жағдайындағы зондтық массаж»
ЕДК нұсқаушылары, түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының дене тәрбиесі мұғалімдері	27 ақпан-3 наурыз	«Балалардың қимыл-қозғалыстық бұзылыстарын дене тұрғысынан оңалтудың заманауи тәсілдері»
Арнайы білім беру ұйымдарының олигофренопедагогтары, № 24 топ	20-30 наурыз	Қайта даярлау курстары – ӘБЕО орталығы негізіндегі 3- соңғы семестр
Арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері, № 25 топ	2-12 мамыр	Қайта даярлау курстары – ӘБЕО орталығы негізіндегі 3- соңғы семестр
Арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері	22-26 мамыр	«Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалармен логопедиялық жұмыстың заманауи тәсілдері»
Арнайы білім беру ұйымдарының дефектологтары	29 мамыр - 2 маусым	«Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалармен педагогикалық түзету жұмысы»
Арнайы білім беру ұйымдарының олигофренопедагогтары, № 26 топ	маусым - маусым	Қайта даярлау курстары – 3- соңғы семестр ШҚО, Ақмола облысы Атбасар қаласы
ППТК, ОО, күндізгі уақытта болу орталықтарының әлеуметтік қызметкерлері	11-15 қыркүйек	«Мүмкіндіктері шектеулі балалармен әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық жұмысты атқару ерекшеліктері»
Арнайы білім беру ұйымдарының дефектологтары	2-6 қазан	«Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жекелей дамыту бағдарламасын жобалау»
Арнайы білім беру ұйымдарының олигофренопедагогтары, № 27 топ	30 қазан-9 қараша	Қайта даярлау курстары – ӘБЕО орталығы негізіндегі 3- соңғы семестр
Арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының педагогтары	22-24 қараша	«Мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқыту мен оңалту үдерісінде заманауи техникалық көмекші құралдарды қолдану»

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекіген «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс

істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының» талаптарына сәйкес білім беру қызметкерлерінің педагогикалық және ғылыми-әдістемелік қызметтерінің нәтижелерін арттыруға көмектесу мақсатында педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын өткізеді [13].

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңды тұлға ретінде 2008 жылдың 23 желтоқсанында мемлекеттік тіркеуден, 2010 жылдың 12 қарашасында мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілген (мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №28373-1958-М-е, БСН 081240014093).

Жарғысында «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі қосымша (білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру, мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру) білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыруға бағытталған заңды тұлға – коммерциялық емес ғылыми-білім беру және оқыту-кеңес беру ұйымы деп жазылған.

Мекеме қызметінің мақсаты – Білім беру ұйымдары басшы кадрларының, педагог және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыру болып табылатыны атап көрсетілген[7].

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі ұсынып отырған педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстары:

- «Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы №32 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 24 ақпанда №13182 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары бойынша;

- «Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №92 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда №13306 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары бойынша;

- «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 10 наурыздағы №193 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 сәуірде №13594 болып тіркелген) білім беру бағдарламалары бойынша;

- «Заманауи педагогикалық технологиялар» жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтар оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 16 ақпандағы №152 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 14 наурызда №13445 болып тіркелген) білім беру

бағдарламалары.

Курстар білім беру деңгейлері бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру), орта білімнен кейінгі білім беру, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деп құрылымдалады.

Курстарды өткізуші – даярлық бейіні бойынша білім беру саласында 20 жылдан астам жұмыс өтілі мен еңбек тәжірибесі бар, бейінді мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орнының қауымдастырылған профессоры, оқытушы-ғалым, Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті (of Associate Professor), филология ғылымдарының кандидаты (PhD), «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің директоры Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП. Курстар:

- 1) еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде қашықтан оқу нысаны);
- 2) еңбек қызметінен толық қол үзу немесе жартылай қол үзу арқылы;
- 3) жеке білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады.

Курстардың ұзақтығы:

- 1) қысқа мерзімді Курстар – кемінде 36 академиялық сағат;
- 2) ұзақ мерзімді Курстар – кемінде 108 академиялық сағат.

Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды.

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарынан өткісі келетін педагог қызметкерлердің Астана қаласына және Орталықтың кеңсесіне арнайы келуінің қажеті жоқ. Білім беру ұйымдарының басшылары, әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілері немесе басқа да жауапты тұлғалар біліктілікті арттыру курстарынан өткісі келетін педагог қызметкерлердің саны, олардың аты-жөндері, білім беру ұйымының мекен-жайы мен байланыс телефондары жазылған тізімді қоса тіркей отырып, «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Интернеттегі мына электрондық поштасына арнайы сұраныс хат жіберуі тиіс: info@zertteushi.kz

Осы сұраныс хатты алған соң «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы білім беру ұйымдарының басшылығымен хабарласып, біліктілікті арттыру курстарын өткізетін уақытты және орынды анықтап, белгілейді.

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің біліктілікті арттыру курстары екі жақты келісілген уақытта, тапсырыс беріп отырған білім беру ұйымы белгілеген орында ұйымдастырылады.

Курстар екі кезең бойынша өткізіледі:

- Бірінші кезеңде курстарды өткізуші оқытушы-ғалым кіріспе дәріс оқиды. Бұл кіріспе дәріске білім беру ұйымының кез-келген педагог қызметкері қатыса алады. *Кіріспе дәріске қатысу – тегін.*

- Екінші кезеңде курс тыңдаушыларына тиісті білім беру бағдарламалары бойынша тереңдетілген дәрістер ұсынылады. Курстың бұл кезеңіне педагог қызметкерлер өзінің негізгі еңбек қызметінен қол үзбей (соның ішінде

қашықтан оқу нысаны) арқылы қатыса алады.

Курстар аяқталған соң тыңдаушылар:

- Жүргізілген сабақтар негізінде дайындалған жобасын қорғайды және оны курстарды өткізуші оқытушы-ғалымның атына Интернеттегі электрондық пошта арқылы жолдайды;

- Жазбаша жұмыс түріндегі біліктілік емтиханын тапсырады.

Білім беру бағдарламасы бойынша курстардан өткен, қорытынды бағалауды сәтті тапсырған және тиісті төлем ақысын аударған тыңдаушыларға: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығымен бекітілген «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларының» «Тыңдаушыларды қорытынды бағалау және сертификаттау» атты 4-ші бөлімінің 38-ші тармағында көрсетілген тәртіппен біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес белгіленген үлгіде «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Сертификаты беріледі. Тыңдаушылардың біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша дайындалған жазбаша жұмысы сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп, «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің «Зерттеуші – Исследователь», «Ғылым және білім ғасыры – Век науки и образования», «Ғылыми зерттеулер әлемі – Мир научных исследований», «Елорда ғылыми хабаршысы – Научный вестник столицы» және «Жас ғалымдар жаршысы – Вестник молодых ученых» ғылыми журналдарының бірінде жарияланады.

Тыңдаушылардың сараптаудан және редакциялаудан өткізіліп, жоғарыда атап көрсетілген ғылыми журналдардың бірінде жарияланған, біліктілікті арттыру курсының тақырыбы бойынша дайындаған жазбаша жұмыстарының электрондық нұсқасы zertteushi.kz Интернет-ресурсына орналастырылады;

Таңдаулы жазбаша жұмыстарын дайындаған тыңдаушыларға «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Мадақтамалары тапсырылады;

Тыңдаушыларға білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсының тақырыбына сәйкес тиісті әдістемелік оқу құралдары беріледі.

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің Сертификаты берілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы жарамды.

Курстарға тапсырыс берушілер мен «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесі арасында біліктілікті арттыру бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасалады.

«Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарын қаржыландыру заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттар бойынша тыңдаушыны оқыту, тағылымдаманы ұйымдастыру үшін алынатын қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №370 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қазанда №8829 тіркелген) «Ересектерге

арналған қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларының» 8-ші тармағына сәйкес «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстары ақылы негізде жүзеге асырылады.

Ақылы негіздегі оқу құнын «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің өзі дербес анықтайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Білім беру ұйымдарының ақылы негізде тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) ұсынуы» жөніндегі 63-бабына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңының 10, 32, 33, 35-баптарына сәйкес «Зерттеуші» Республикалық ғылыми-білім беру орталығы» мекемесінің педагог кадрларының біліктілігін арттыру курстарынан өткісі келетін тыңдаушылар арнайы төлем ақысын төлейді.

«Биоакпараттану және Синергетика» технопаркі 2002 жылдан Вассерман Федор Яковлевичтің «Биоакпараттану және синергетика» технологиясын жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларына оқытады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 32 бұйрығымен Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жанарту аясында педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының 33-қосымшасына сәйкес "Биоакпараттану және синергетика" технологиясы: сабақтың сапасын басқару" жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бекіген.

«Биоакпараттану және синергетика» технологиясы: сабақтың сапасын басқару» жалпы білім беретін мектептердің педагог кадрларының біліктіліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жалпы білім беретін мектептің пән мұғалімдерін және басшыларын оқытуға арналған.

Бағдарламаның мазмұны Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымның 9000-ші заманауи сапа менеджменті стандарттарының талаптары негізінде құрастырылған және оқушы жұмысының сапалы қызметін, оны жасау және ұйымдастыруды немесе мектептің 70% оқушылары қатысатын оқушылардың өзін-өзі басқаруын қамтиды.

Бағдарламаның мақсаты – «Биоакпараттану және синергетика» технологиясымен жұмыс жасау үшін әзірленген он бір технологиялық карталар негізінде сапаны басқару технологиясына жалпы білім беретін мектептің мұғалімдерін оқыту.

Технологиялық карталар – мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетінің құралы, сабақты басқарудың, оқу үрдісін стандарттау және реттеудің басты әдістері болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері:

1) «Биоакпараттану және синергетика» технологиясының жалпы қағидалары туралы түсінік қалыптастыру;

2) «Биоакпараттану және синергетика» технологиясымен әзірленген он бір технологиялық карталар негізінде жалпы білім беретін мектептің сапасын

басқару технологиясы туралы білім беру;

3) мәселені ойлау білігін қалыптастыру, мәселенің міндеттерін, жағдайларын тұжырымдау ;

4) кәсіби өзіндік талдау, өзін-өзі бағалау білігін қалыптастыру;

5) оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыру.

6. Оқыту нәтижесі:

1) оқушылардың ойлау жылдамдығын, есте сақтау қабілетін, сөздік қорын, оқушылардың көшбасшылық сапасын дамытатын «Биоақпараттану және синергетика» технологиясының тұжырымдамалық негіздерін білуі және түсінуі;

2) оқушылардың күрделі мәселелерін түсіну, қою және шешу, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын көтермелеу, оқушылардың зияткерлік қабілетін кеңейтуге бағытталған оқу үдерісінің жаңа тәсілдерін білу;

3) жаңартылған білім мазмұнына сәйкес білім беру процесін жобалау, мектепте технологиялық карталарды қолдана білу;

4) мектепте білім беру процесін ұйымдастыру сапасын бағалау және диагностикалау, мониторингті өткізу процесін дамыту дағдысын меңгеру;

5) «Биоақпараттану және синергетика» технологиясының негізінде оқушылардың оқу жетістігін бағалау жүйесін жетілдіру дағдыларын меңгеру.

Жыл бойы курстартан қазақ және орыс тілдерінде 1200-ге дейін мамандар оқып білім алады.

2008 жылдан бастап онлайн арқылы оқыту қолға алынған: knigabis.kz.tu сайтында. You Tube-те интернет канал ашылған: CWO - BiS технологиясы. 100 мың адам шығып білім алған. Интернет-дүкен бар

Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттырудың қашықтықтан оқыту курстарын, оқыту семинарларын ұйымдастыру және өткізу бойынша отандық тәжірибелерді талдау педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамы, «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы», т.б., білім беру орталықтары «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтарда бекітілген № 95 бұйрығымен жүзеге асады.

Педагогтердің біліктілігін арттырудың осы жаңа форматы педагогтердің кәсіби деңгейін сапалық жағынан арттыруға орасан зор мүмкіндік береді. Бағдарлама педагогтің білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және өз жұмысына рефлексивті талдау, өз пәнін оқытудың жаңартылған тәсілдерін жасау арқылы педагогтің кәсіби деңгейін арттыруға, жаңа кәсіби белеске шығуға ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, жаңа форматтағы мұғалімнің мәртебесі және құзыреттілігі бойынша мұғалімнің біліктілігіне қойылатын талаптар тұжырымдалып, мұғалімдердің біліктілігін жетілдірудің жаңа жүйесі бойынша «НЗМ» ДББҰ ПШО мен «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-да

ұйымдастырылып өтіп жатқан деңгейлік және т.б бағдарламалардың артықшылық жақтары көрсетілді. Бұл өз кезегінде жаңа тұрпатты мұғалімнің қалыптасуына үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамасына сай мұғалімнің кәсіби даму бағдарламаларын сапалы жаңарту заманның талабы. Бұл Қазақстан педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінің кадрлық құрамының жоғары құзыреттерін талап етеді;

Кадрларды даярлау ұлттық біліктілік шеңбері мен кәсіптік стандарттар негізінде жүзеге асырылатын болса төрт пәнін ағылшын тілінде оқытатын педагог кадрларға және үштілділікті енгізуге деген қажеттілік физика, химия, биология және информатика пәндерін ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру өзекті мәселе.

3 Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларын, қашықтықтан оқыту курстарын және шеберлік сыныптарын өткізудің механизмі мен құралдары

Практикалық түрдегі сабақтардың негізгі түрі ретінде семинарлар педагогикалық тәжірибеде көбінесе лекциялық түрдегі оқытудың жалғасы болып табылады және өздігінен жұмыс істеуді жандандыру, сондай-ақ білімдерін пайдалану дағдыларын меңгеру, теориялық проблемаларды тереңірек зерттеп білуді түсінуіне қызмет етеді. «Семинар қатысушыларға білімдерін тексеруге, нақтылауға, жүйелеуге, терминологияны меңгеру және онымен еркін операция жасауға, нақты ғылым тілінде өзінің ойларын дәл және дәлелді жеткізе алуға үйренуге, фактілерді талдауға, диалог, пікірталас жүргізуге, қарсы пікір білдіруге мүмкіндік береді. Семинардың міндеті ғылыми-теориялық жағдайларды практикалық іс-әрекеттермен байланыстыру, ғылымға және ғылыми зерттеулерге деген білім алушылардың қызығушылығын нығайту болып танылады [14].

Семинар ол, алдына нақты мақсаттар қойылған неғұрлым кең жүйелі бүтіндей оқыту процесінің құрамдас бөлігі болуы тиіс. Оқу бағдарламаларының мақсаттары мен қолданылу салаларына сәйкес семинарлардың негізгі екі типін атап көрсетуге болады: оқытушылық және дамытушылық. Оқытушылық семинарлар әдетте, теориялық білімдерді реттеуге, жандандыруға және операциялауға немесе өздігінен жетілдіруге, сондай-ақ алған білімдерін іс жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Дамытушылық семинарлар көбінесе тыңдаушылардың проблемалық көру дағдыларын, талдау қабілеттерін және болжау біліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Семинар өткізу үшін оның сценарийі жасалады – оқу тобының жағдайынан (білім, білік және дағдыларды меңгеруге оның септілігі, сондай-ақ ұсынылған тақырып бойынша жұмысқа мазмұнды және аспаптық дайындығы) және қаралатын мәселелер аясынан барып шығатын семинардың дамуының түрлі мүмкіндіктері ескерілген, семинарды өткізудің нақты жоспары.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сценарийді қалыптастыру кезінде келесі факторлар маңызды болып табылады: ұйымдастырушылар мен тыңдаушылардың мақсат қоюы, топтың құрамы, жұмыс бағдарламасы мен семинардың жоспары, оқу-әдістемелік құжаттар және дидактикалық материалдар, оқытудың техникалық құралдары (ОТҚ). Семинардың жоспарында ұйымдастырушы қарастырғалы отырған проблема, мақсатқа жету бойынша қадамдар жүйесі, бүтіндей іс-әрекеттер аясы және жекелеген кезеңдері, ақпараттық технологияларды пайдалану орыны мен уақыты қамтылады. Семинарға дайындалған кезде маңызды кезең сценарийдің бірнеше нұсқалары немесе өзгертілген түрлерінің болу қажеттілігі болып табылады. Бұл, ұйымдастырушының «жағдай бойынша» әрекет етуіне және семинар барысында өзінің алдын-ала жасалған сценарийін өзгертуіне, оны өткізу әдістемесіне түзетулер енгізуіне тура келуіне байланысты.

Семинар өткізуге арналған мазмұнды іріктеу туралы айта отырып, біз

осындай оқыту формалары үшін пайдаланылып отырған мақсаттарды да ұмыта алмаймыз. Оқыту формалары ретінде семинарды талдауда қолда бар тәсілдерді жинақтау, оны пайдаланудың келесі негізгі мақсатты салаларын атап көрсетуге мүмкіндік береді:

а) семинарға қатысушылардың теориялық білімдерін жүйелеу және құрылымдау;

б) біліктерін практикалық тұрғыда жаттықтыру және практикалық дағдыларын қалыптастыру;

в) қатысушылардың білімдері мен дағдыларын бақылау.

Бұл мақсатқа жетудің нәтижесі бұрынғы білімдерін тереңдету мен құрылымдау, тақырыптың негізгі теориялық ұғымдарының ішкі өзара байланыстарын анықтау және осы тақырыптың курстың басқа тақырыптарымен немесе басқа салалас пәндермен байланысы болып табылады.

Семинарларды өткізу формаларына байланысты ұйымдастырушы бұл мақсатқа жетуі үшін түрлі мазмұнды материалдар дайындауы қажет (4-кестені қараңыз).

4-кесте. Білімдерін жүйелеу бойынша мазмұнды материал

<i>Семинарларды өткізу формасы</i>	<i>Қажетті материалдар</i>
Қатысушылардың дайындаған баяндамалары, рефераттарын ұсынуы	Баяндамалар мен рефераттар үшін тақырыптар тұжырымдау
Тақырып бойынша мәселелерді талқылау	Талқылауға арналған мәселелер тізімі
Тақырыптың курстың басқа пәндерімен байланысын талқылау	Проблемалық мәселелер тізімі. Қосымша теориялық мазмұны

Мақсатқа жетудің нәтижесі қатысушылардың теориялық білімдерін іс жүзінде қолдану, практикалық жағдайда іс-әрекет жасау алгоритмдерін анықтай алу мүмкіндіктеріне байланысты ерекше біліктерін пысықтау болып табылады.

Пысықтауды қажет ететін біліктері типтеріне байланысты және қолданылатын әдістемелер түріне сәйкесті семинар ұйымдастырушы әр түрлі мазмұнды материал дайындай алады (5-кестені қараңыз).

5-кесте. Біліктерге машықтандыру бойынша мазмұнды материал

<i>Семинарда пысықталатын біліктер типі</i>	<i>Мақсатқа жету үшін қолдануға болатын әдістемелер</i>	<i>Қажетті материалдар</i>
Жағдайды талдау біліктері	Талдау процесін оңтайландыру	Семинарға қатысушыларға талдауды жүзеге асыруға көмектесетін талдау немесе мәселелер жүйесін дайындау
Практикалық біліктер	Міндеттерді шешу бойынша жаттығулар, практикумдар	Тапсырмалар мен дұрыс шешімдер, шешімдердің қалыптастырылған схемасы

Жағдайды талдау білігін қалыптастыру кезінде семинарды ұйымдастырушы қатысушыларға проблемалық салаға біртіндеп тереңдеу мақсатында келесі жұмыс алгоритмін ұсына алады:

а) қарастырылатын тақырыптық салаға қатысты қатысушылардың білетін фактілері туралы ақпарат жинақталады;

б) қатысушылардан қарастырылатын тақырыптық салаға қатысы бар білімі мен өзінің жеке тәжірибесіне жүгінуді сұрайды;

в) қатысушылардан жеке құндылықтар тұрғысынан қолда бар фактілерді бағалауды сұрайды;

г) проблеманы шешудің болжамды жолдары немесе белгілі бір мақсатқа жету туралы пікір айтуды сұрайды.

Семинардың алға қойған мақсатына жету нәтижесі қатысушылардың теориялық және практикалық дайындықтары деңгейін бағалау болып табылады. Бақылау және бір мезгілде дамыту түріндегі сабақ ретінде семинарды табысты өткізу үшін бақылау сұрақтары мен практикалық тапсырмалар немесе жаттығуларды пайдалану орынды (6-кестені қараңыз).

6-кесте. Білімдері мен біліктерін бағалау бойынша мазмұнды материал

<i>Тапсырмалар түрлері</i>	<i>Мазмұны</i>
Бақылау сұрақтары	Сұрақтар жинағы: нақты ақпаратты меңгеруді бағалау, проблеманы тұжырымдай білу, жекелеген теориялық жағдайлар арасындағы қайшылықтарды немесе әлеуметтік проблемалардағы қарама-қайшылықтарды таба білуге берілген сұрақтар
Жаттығулар (практикалық тапсырмалар)	Мақсаттар, шарттар, алгоритм, технологиялар, іс-әрекеттер шектеулері, нәтижелерді ұсыну нысандары мен мерзімдері сипаттамалары

Бақылау сұрақтары – бұрын өтілген теориялық мазмұнға бағдарланған сұрақтар. Олар не нақты білімдерді бағалауға, немесе теориялық білімдердің құрылымын түсінуді бағалауға бағытталған болуы мүмкін.

Жаттығулар – қатысушылардан не өткен сабақтарда танысқан шешімдердің тиісті алгоритмдерін пайдалануды, не қойылған міндеттерді шешудің өзіндік тәсілдерін әзірлеуді талап ететін арнайы тапсырмалар.

Семинарда жеке, жұптық және топтық жаттығулар пайдаланылуы мүмкін. Жеке жаттығуларды пайдалану кезінде нақты, бірімді нұсқаулықтан бөтен жеке нәтижені бағалау нұсқасын ойластыру маңызды – нәтижені кім және қашан тексереді және қатысушыға осы жаттығуда оның тиімділігі туралы кері байланыс береді. Жұптық (топтық) жаттығуларды пайдалану кезінде серіктес (бір топ) меншікті серіктесінің (басқа топтың) жұмысының тиімділігін бағалаған уақытта бақылау екі жақты болуы мүмкін.

Семинар өткізу барысында мақсаттарға жетуге қаншалықты ықпал ететінін немесе кедергі келтіретінін бағалау үшін ұйымдастырушы бір мезгілде бірнеше факторларды назарында ұстап отырады (7-кестені қараңыз).

7-кесте. Оқыту семинарына ықпал ететін факторлар

<i>Ұйымдастырушының назарында болатын факторлар тобы</i>	<i>Индикаторлар</i>
Семинардың мазмұны мен процесі	Семинардың мақсатына сайма-сайлығы, процестің өрістеуінің қисындылығы, қатысушыға түсініктілігі, жеткіліктілігі, толықтығы
Жеке адамдар (жекелеген қатысушылар)	Жұмысқа қатысуға ынталандыру, материалды түсіну, тақырыптағы алға басу динамикасы, жеке-психологиялық ерекшеліктері
Қатысушылар тобы	Топтың рөлдік құрылымы, топтық динамика (көшбасшылықтың ерекше құбылыстары, келіспеушіліктер)
Басқа да факторлар: топтың мөлшері, физиологиясы, семинар тобының құрамы, жеке қабілеттері, басқа да шарттар	Аудиторияның нақты жағдайы; физиологиялық ырғақтар мен зейіннің шоғырлануы; аудиторияда тиімді диалогке ықпал ететін кеңістік ұйымдастыру; қатысушылар саны; оқытудың техникалық ұралдары

Оқыту семинарының барынша тиімділігіне қол жеткізу үшін семинарды басқаруды ұйымдастырушы жүзеге асырады. Әрбір семинарға қатысушыға барынша жеке әсер етуі мен оларға кері әсер ететін факторларды барынша азайтуды ескере отырып алға қойылған мақсаттарға жетуді біз семинардың тиімділігі деп түсінеміз. Тиімділік критерийлерін мазмұндық және процесуалдық деп бөлімшелерге бөлуге болады. Мазмұндық (ақпараттылық – жаңа ақпарат алу немесе бұрынғыны ерекше құрылымдау; материалды одан әрі игеру үшін жаңа проблемалар мен мәселелерді анықтау). Процесуалдық (пікірталастың сындарлылығы – семинарға қатысушылардың нәтижелерге және жұмыс бойынша серіктестеріне теріс көзқараста болмауы; жұмыс регламентін сақтау – сценарийге сәйкес жұмыс істеу).

Басқару стилін таңдау кезінде ұйымдастырушы семинардың типін, қойылған мақсатты, қатысушылар санын, уақытты негізге алады. Стилді таңдау нәтижесі әдетте, ұйымдастырушы осы семинарға өзі үшін орталық ретінде айқындап алған рөлінде мәлім болады. Әдетте семинарды ұйымдастырушының рөлдері: жүргізуші (модератор); үйлестіруші; сарапшы; бақылаушы болады. Әрбір рөл өзіне тән технология мен жүзеге асыру құралдарын болжайды, сонымен қатар бәріне ортақ ретінде келесі міндеттерді атап көрсетуге болады (8-кестені қараңыз).

8-кесте. Семинар кезіндегі ұйымдастырушының міндеттері

<i>Міндеттер</i>	<i>Ықтимал құралдар</i>
Семинарды жүргізу тәртібін белгілеу	- ұйымдастырушы белгілеп береді; - топпен қалыптастырылады
Талқылауға арналған мәселелерді нақты	- оқыту семинарларына арналған ұғымдар мен терминдер деңгейінде;

тұжырымдау	- дамыту семинарлары, ойын әдістері мен тренингтер үшін проблемалар деңгейінде
Аралық қорытындыларын шығару	- көзбен шолушылық; - ақпаратты жинақтау (ұйымдастырушы немесе қатысушы)
Қатысушылардың сөз сөйлеуіне түрткі болу	- енжарларға бағытталған арнайы сұрақтар; - сөз сөйлеу міндеттілігі принципі
Талқылау барысын бақылау және тәртіпті бұзған немесе тақырыптан ауытқыған жағдайда араласу	- бастапқы тақырыпқа шағым; - анықтаушы немесе толықтырушы ақпараттар беру; - тыңдаушыларға сұрақтар
Семинардың басқару қарқынын, баяулаған сәтте жандандыру	- хронометраж (бағдарламамен салыстыру); - нақты қатысушыларға сұрақтар; - проблемалық немесе қозғау салушы сұрақтардың қойылуы; - көшбасшыға шағым
Қорытынды шығару, алынған нәтижелерді қорыту, ашық немесе шешілмеген проблемаларды атап көрсету	- көзбен шолушылық (жұмыс барысында); - ұйымдастырушының монологі; - топтың қатысушыларының пікірі

Семинардың негізгі қиындықтары оның артықшылықтарының жалғасы болып табылады және процестің өзінің интерактивтілігіне байланысты. Ұйымдастырушы сұрақ бере отырып екі есе тәуекелге барады: біріншіден, сұрақ жауапсыз қалуы мүмкін, екіншіден, нақты қатысушыларға сұрақтар қоя отырып ол өзі мен қатысушылардың арасындағы орныққан байланысты бұзуға тәуекел етеді. Мақсатқа сай пайдалануға болатын сұрақтар:

1. Сұрақтың нысаны бойынша а) ашық, жауап берушіге теориялық материалды ұсынудың әр түрлі тәсілдерін пайдалануға мүмкіндігі бар толық жауапты болжайды; б) жабық, бірақ олар әдетте диалогтың емтихан түріне көшуіне аудиторияны итермелейді және топтың шығармашылық әлеуетін нашарлатады. Одан басқа жабық сұрақтар, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты қатысушы не ойлап отырғаны туралы ұйымдастырушыға жан-жақты ақпарат бермейді және семинардың өз нәтижесін азайтатын «кездейсоқ» дұрыс жауаптың ықтималдығы өте жоғары.

2. Бағытталуы бойынша: аудиториядан берілген сұрақ және аудиторияға бағытталған сұрақ. Семинарларды өткізу кезінде екі түрінде пайдаланған орынды, өйткені ол ұйымдастырушы мен қатысушылар арасындағы диалогтың дамуына мүмкіндік туғызады.

3. Мақсатты бағыттылығы бойынша сұрақтар: бағалаушы немесе бағыттаушы болуы мүмкін. Бұл екі түрлі сұрақтарды қиналып отырған қатысушыға көмек ретінде бағыттаушы сұрақ бере отырып дәйекті түрде пайдаланған орынды [15].

Сұрақ қою техникасын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін ұйымдастырушыға бірқатар тәртіптерді сақтау маңызды: бір сұрақтан артық қоймау; қарапайым және түсінікті сұрақтар қою; нақты қатысушыға бағыттап сұрақ қоймау; жауап берушінің сөзін бөлмеу.

Оқыту семинары әдісінің заманауи тәсілі оқытудың телекоммуникациялық және ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады [16, 17]. Бұл ретте жаңа ақпараттық технологияларды, сондай-ақ оны құраушыларды әзірлеу рәсімі мен дәйектілігін пайдаланатын оқыту семинарлары жүйесін жобалау керек.

Заманауи білім беру жағдайында біліктілікті арттыру жүйесіндегі педагогтарды кәсіби тұрғыда дамытудағы бірнеше өзгеріс бағыттарын атауға болады. Солардың бірі, инновациялық процестерді басқару механизмдері ретінде кәсіби даму нысандарын дамыту болып табылады. Солардың қатарынан келесілерді атап көрсетуге болады:

- мәдени педагогикалық жүйені меңгеру нысаны ретіндегі педагогикалық шеберханалар және оны инновациялық мектепте енгізу;
- инновациялық мектепте жаңа үлгідегі семинарлар ұйымдастыру: жаңалыққа бойлау семинарлары, проблемалау семинарлары, семинар-рефлексия, жобалық семинар, әдіснамалық семинар, сараптамалық семинар;
- инновациялық қызметтің барысын талқылау бойынша мектеп педагогтарының конференциялары;
- жас педагогтарға арналған әдістемелік күндер;
- ашық кәсіби клубы, кәсіби жетістік мектебі;
- он-лайн режимінде өткізілетін семинарлар, интернет-педкеңестер, интернет-марафон және т.б.

Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларын өткізу механизмі мен құралдарына мысал ретінде Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты «Өрлеу БАҰО» АҚ тәжірибесінен келтіріледі (9-кесте) [18].

9-кесте. Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған оқыту семинарларын өткізу механизмі мен құралдары

<i>Оқыту семинарларын өткізу механизмі мен құралдары</i>		
<i>Семинар тақырыптары</i>	<i>Өткізу мақсаты</i>	<i>Семинарды өткізу әдістері</i>
«Квалиметрия негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің сапасын кешенді бағалау».	Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды тәрбиелеу мен оқытуда тәрбиешілерге квалиметриялық амалдарды меңгерту мен енгізу, кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.	Кері байланыс, рефлексия, бірін-бірі бағалау және өзіндік бағалау.
«Мазмұнды жаңарту аясында мектеп тәжірибесіндегі коучинг пен тәлімгерлікті ұйымдастыру».	Коучинг пен менторинг тәжірибесі мәнмәтініндегі жаңа амалдарды енгізу бойынша мектеп директоры орынбасарларының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.	SWOT-талдау, SMART мақсат, коучинг, фокус-топтар, жобаны құру және қорғау, менторинг үдерісін бақылау және оның бағасы. Менторингті бақылау құралын әзірлеу.
«Инклюзивті білім	Білім беру жүйесінің түрлі	Шағын оқыту,

	беруде оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендендірудің интерактивті әдістері».	деңгейіндегі инклюзивті білім беру моделін жүзеге асыруда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, олардың тұлғалық-мотивациялық, когнитивті және тәжірибелік дайындығын қалыптастыру.	психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум.
--	---	--	--

Қоғамның заманауи мүдделеріне сай болу және білім беру стандарты алға тартып отырған талаптарды шебер қолдану үшін мектеп мұғалімі өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруы керек. Жаңа технологиялар мен «Интернет» желісінің дамуы бүгінде өз біліктілігін, соның ішінде қашықтықтан да дамытуға мүмкіндік береді.

Кәсіби біліктілікті артырудың мақсаты салалас кәсіпке көшу, қандай да бір мәселеде білімін жетілдіру, практикалық міндеттерді шешу дағдыларын алу және бүгіндей мектептің білім беру сапасын жақсарту.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы ережеге қарап, мұндай курстар қандай мақсаттар мен міндеттерді көздейтіні туралы ақпараттар табамыз: дағдылар мен біліктерді дамыту; жаңа нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеу; педагогикалық және басшы қызметкерлерге көмек; оқытушының немесе басшының өздігінен білім алуын дамыту; жаңа технологияларды, инновацияларды, эксперименттерді білім беру процесіне енгізу; педагогтарға көмек үшін жарияланымдар, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; тәжірибеде жаңашыл идеялар мен әдістерді пайдалану.

Оқу процесіне компьютерлік технологияларды енгізу әдетте оқу орындарында құрылған арнаулы бөлімшелердің (орталықтар, бөлімдер, лабораториялар) көмегімен жүргізіледі.

Мұндай бөлімшенің негізгі міндеті қуатты компьютерді жұмысқа дайындау және оқу материалдарымен толтыру – білім беру ұйымының жергілікті желілерін ғылыми-білім беру желілерімен біріктіретін оқу сервері. Компьютерлік желілер бүкіл әлем бойынша таралғандықтан, білім беру ұйымының серверіне түрлі географиялық нүктелерден қол жеткізуге мүмкін болады. Міне дәл осы мүмкіндік өз білімін жетілдірушілерді компьютер желісі арқылы оқыту тәсіліне жүктелген. Мұндай оқыту түрі қашықтықтан оқыту атауын алды.

Педагогикалық қызметкерлерге келесі:

- күндізгі;
- қашықтықтан оқыту түрлерін пайдалана отырып біліктіліктерін арттыруға болады.

Біліктілігін арттыру:

- курстық даярлау немесе
- кәсіби қайта даярлау түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Курстық даярлау – ол білім алу мақсатында педагогты қысқа мерзімді оқыту және кәсіби дағдыларын жетілдіру.

Кәсіби қайта даярлау – ол жаңа мамандық бойынша қосымша кәсіби білім алу.

Мұғалім біліктілігін арттыру үшін мына нұсқалардың бірін тандай алады:

- аймақтық біліктілікті арттыру институтына немесе аймақтық педагогикалық жоғары оқу орнының арнайы кафедрасына өтініш жасай алады. Әдетте мұндай оқыту педагог үшін тегін, өйткені мектепке квоталық қаржы бөлінген, немесе білім беру ұйымы өз ұстаздары үшін өздері төлем ақысын өтейді;

- онлайн курстарын аяқтай алады. Көбінесе мұндай курстар белгілі бір уақыт кезеңінде өтіп тұрады, оларға алдын ала жазылып қою керек.

Қашықтықтан оқыту курсы курсқа қатысушыға (мұнан әрі – қатысушы) оқу процесін жобалау, басқару және диагностикалауға байланысты практикалық біліктер; жаңа технологиялар, заманауи тұжырымдамалық-әдіснамалық тәсілдер мен білім беру моделдері туралы білім береді.

Қашықтықтан оқыту курсы игеру нәтижесінде қатысушылардың бойында пәнді оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздері саласында құзыреттілігі, жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарын жүзеге асыру жағдайында білім беру процесінің мазмұны мен құрылымы, пән сабақтары тәсілімен білім алушыларды тұлға ретінде дамыту және рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу қалыптасады.

Қашықтықтан оқыту түрі көбінесе оқуға қатысушының ұйымдастырушымен өзара әрекеттесуі үшін және оқу материалдарымен жұмыс істеуде компьютерлік жүйені пайдалануға негізделеді. Ұйымдастырылған оқу процесінде үш негізгі құрамдас бөліктерді атап көрсетуге болады: лекциялар, практикалық сабақтар, бақылау. Лекциялар теориялық материалды оқу бағдарламасына сәйкес дәйекті түрде беруге арналған. Практикалық сабақтар теориялық білімдерді пайдалану дағдыларына ие болуға мүмкіндік береді. Бақылау оқылған материалдың игерілу дәрежесін белгілеу және қателер мен кемшіліктер болдырмауда келесі жұмысты жоспарлау үшін қажет. Әрине, бұл үш құрамдас бөліктер қашықтықтан электронды оқыту тәсілінде де қолданылады.

Қашықтықтан оқыту жұмысын жүргізу режимі. Электрондық оқытудың маңызды ерекшелігі оны екі: синхронды және асинхронды режимде өткізу мүмкіндігі болып табылады. Оқыту кезінде оқу процесіне қатысушы (қатысушы-ұйымдастырушымен, қатысушы-қатысушымен) бір мезгілде жұмыс істейтін оқыту режимін синхронды деп атайды. Ақпараттық өзара әрекеттесудегі синхронды режимнің мысалы телефон арқылы сөйлесу болып табылады.

Синхронды оқыту кезінде қатысушылар бір мезгілде байланыс желісінде болады, сондықтан мұндай өзара әрекеттесуді көбінесе on-line режимі деп атайды. Мұндай өзара әрекеттесуді қашықтықтан оқыту семинары кезінде пайдалануға ыңғайлы.

Оқыту кезінде ұйымдастырушы мен қатысушының жұмысы әр түрлі

уақытта өтуі мүмкін болатын оқыту режимін асинхронды деп атайды. Қатысушы оқу материалымен жұмыс істеп болған соң өзіне ыңғайлы кез-келген уақытта білім деңгейін тестілеуден өтеді, ал ұйымдастырушы қатысушының жұмысы нәтижелерін басқа уақытта талдауы мүмкін.

Өйткені, бұл ретте оқу процесіне қатысушылар тікелей коммуникациялық байланыста емес, мұндай режимді off-line деп атайды. Қашықтықтан оқытуды жүргізу кезінде асинхронды оқыту режимі кеңінен қолданылады. Мұндай оқыту түрі көбіне жұмыстан босай алмайтын адамдар үшін қолданылады.

Интернет технологиясына сүйену қашықтықтан курсты ұйымдастырушы мен қатысушының тұрақты қарым-қатынасын жолға қоюға мүмкіндік береді. Электронды пошта әдеттегідей айтарлықтай тез жұмыс істейді – электрондық хаттар адрес иесіне санаулы минуттарда жетеді. Осылайша ұйымдастырушы қатысушының жұмысын бақылауға, түзетуге және сұрауларға жедел жауап беруге мүмкіндік алады.

Қашықтықтан оқыту өз табиғаты бойынша жеке, дара. Бұл арада қатысушы өзінің оқу уақытын өзі жоспарлайды, материалды оқып білуде өзіне қажетті және ыңғайлы қарқынды таңдап алады. Қашықтықтан оқыту курсы ақылға қонымды етіп ұйымдастырылса, нақты қатысушының ерекшеліктерін ескеріп және күндізгі оқыту курсы тобындағы сабақтарда ұйымдастыру өте қиын жеке оқытуға жол бере алады. Оқу материалын мәтіннен тыс ұйымдастыру стилі қатысушылардың түрлі дайындық деңгейіне бағытталған және әр түрлі оқу міндеттеріне арналған жекелеген үзіктерді табиғи жолмен алуға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытудағы компьютерлік технология құралдарының негізгі категориялары. Компьютерлік технологиялардың қатарында, оқуда пайдаланылатын құралдардың кең ауқымы қолданылады. Олар, базасында электрондық оқыту жүйесі ұйымдастырылатын үш негізгі категорияларға бөлінеді:

- электрондық оқу материалдары;
- компьютерлік тест жүйесі;
- оқытуды басқару жүйелері.

Электрондық оқу материалдары оқу курсының ақпараттық толықтырылуын қалыптастырады (e-content). Бұл материалдарға:

- электрондық оқулықтар мен лекция материалдары;
- семинарлар мен практикалық жұмыстарға арналған электрондық әдістемелік әзірлемелер;
- практикалық дағдыларды иеленуге арналған тәсілдер (практикумдар, компьютерлік тренажерлер) жатады.

Компьютерлік тест жүйесі:

- лекциялар мен семинарлар материалдары бойынша бақылау жұмыстарын жүргізу;
- интерактивті режимде білімді өздігінен бақылау;
- қатысушылардың рейтингін анықтау үшін құрал, тәсілдерді ұсынады.

Оқытуды басқару жүйесі оқу процесін ұйымдастыруға арналған, атап айтқанда:

- оқу-әдістемелік жұмыс жүргізу (оқу топтарын құру, сабақ кестесі мен оқу жоспарларын ұйымдастыру);

- оқу материалдарын бақылаушылыққа алуға мүмкіндік беру.

Білім беру жүйесінің тарихи даму процесі бізді оқытудың екі негізгі түріне алып келді: теориялық білімдерді игеру және практикалық дағдыларды пысықтау. Теорияны білу, адамның практикалық дағдылары қабылданған шешімдерді өмірде тиімді іске асыруға мүмкіндік беріп тұрған уақытта негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, білімге қарағанда тәжірибенің құндылығы да кем емес.

Күндізгі оқудан қашықтықтан оқуға көшу, ғылыми орталықтар болып табылатын білімнің жоғырланған жерлеріне өзінің қатысуы қажеттілігінен босатып және білімнің жинақталған көп көлеміне ақпараттық технологиялар көмегімен қосылуға мүмкіндік бере отырып, білім алушыларға оқу орны мен уақытын, тақырыбын таңдауда үлкен еркіндік береді.

Қашықтықтан оқыту кезінде қатысушы бірнеше кіріспе сабақтан кейін өзі шағын топпен немесе өздігінен жұмыс істей бастайтын оқу жобасын орындауды болжайды. Оқу жобасын дайындау барысында қатысушылар ұйымдастырушыға сұрақтар қойып одан қажетті түсіндірмелер және көмек ала алады. Қатысушылар өз бетінше жобаның тақырыбын таңдауы, жасалатын қосымшаның құрылымын әзірлеуі, құжатпен және суретпен безендірілген материал таңдап алуы, аспаптық құрал және т.б. таңдауы керек. Әрине, олар ұйымдастырушымен электронды пошта арқылы байланыса отырып, оның көмегін пайдалана алады.

Қашықтықтан оқыту курстарында оқытудың инновациялық түрлерін табысты пайдалануға болады. Қашықтықтан оқытуда жобалар әдісі, ұжымдық жұмыс әдістері кеңінен қолданыла бастады. Мұндай әдістер жеке тұлғаның және ұжымның шығармашылық қабілеттерін жандандыруға, қатысушылардың оқуда белсенділігін арттыруға бағытталған.

Заманауи қашықтықтан оқытуда Интернет технологиясының барлық негізгі құралдары қолданылады:

- электронды пошта,
- чаттар, телеконференциялар,
- WWW-серверлер,
- FTP-қызметтері,
- бейнеконференциялар және т.б.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы сияқты көптеген алдыңғы қатарлы қашықтықтан оқыту орталықтары Интернетке шығудағы жоғары жылдамдықты арналармен жабдықталған, оқу бейнефильмдері мұрағаты, деректер базасы, түрлі оқу материалдары бар порталдары және Web-серверлер кешені бар. Қашықтықтан оқыту инфрақұрылымы біздің елімізде де қарқынды дамуда, бұл орайда сапалы білім беру басты басымдылықтардың бірі болып отыр.

Жалпы, қашықтық құралдары көмегімен ғана және қашықтықтан оқыту режимінде практикалық дағдылар алу мүмкіндігін қамтамасыз етуде екі тәсіл

мүмкін:

- белгілі бір дәрежеде ақиқатқа жуықтауымен жеке объектілердің эмуляциясы;

- жеке объектілермен өзара әрекеттесуге белгілі бір мүмкіндігі бар жеке объектілерге қашықтықтан кіруді қамтамасыз ету.

Бірінші тәсіл белгілі бір ортаның толық виртуалды ұқсасын алуға мүмкіндік береді, бұл әрине өте ыңғайлы. Мұндай тәсілдің кемшілігі, өз мүмкіндіктеріне қарай ақиқатқа жуақтайтын моделін жасау күрделілігі болып табылады.

Екінші жағдайда білім алушының ақиқатқа барынша жуықтатылуы қамтамасыз етіледі. Бұның өтемі әрбір стендтегі білім алушылар саны бойынша шектеулі, онымен қоса оған кіру қашықтықтан қамтамасыз етілетін стендтер жасау және қолдау болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, практикалық дағдыларды қашықтықтан беру саласында проблемалар аз емес, бірақ оларды шешу керек. Бұл орайда, қашықтықтан оқыту құралдарын әзірлеу саласында бірнеше жыл жұмыс істеп жүрген REDLAB компаниясының тәжірибесі қызғылықты. Қашықтықтан оқыту жүйесінің соңғы нұсқасы REDCLASS 2.0 (Қашықтықтан тренинг жүйесі - ҚТЖ деп бекер айтылмаған), «Жаттығулар эмуляциясы ортасы» және «Виртуалды зертханалар» құралдары арқылы практикалық дағдыларды пайдаланушыға жеткізудің екі тәсілін де жүзеге асырады.

Қашықтықтан оқыту жүйесі REDCLASS 2.0 туралы бірер сөз айтар болсақ.

«Жаттығулар эмуляциясы ортасы» мен «Виртуалды зертханалардың» лекциялық материалдармен және тест тапсырмаларымен бірыңғай оқыту процесіне кіріктірілуі тамаша, бұл алайда оларды өзіндік оқу материалы ретінде пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Оқытудың әртүрлі әдістерін іске асыру бойынша кең көлемді мүмкіндіктер беретін, оқу процесі менеджерлері мен курстың авторларына қол жетімді, оқыту режимін бейімдеудің икемді жүйесі және сондай-ақ, оқу курстарының басқару құрылымы ыңғайлы.

Ал енді сайып келгенде, жаттығулар мен практикалық жұмыстарды орындау барысында алған бағалардың барлығы қатысушының статистикалық есебінде тіркеледі, осылайша, білім алушының бірде-бір «жетістігі» елеусіз қалмайды.

Қашықтықтан оқыту тарихына өте көп жыл болмағанына қарамастан, қашықтықтан оқыту курсы өткізу кезінде пайдаланылуы мүмкін құралдар саны көп жинақталған.

Қашықтықтан оқытуды құру үшін, оқытуды ұйымдастыру мен өткізуге қажет сервистерді беруді қамтамасыз ететін қашықтықтан оқыту жүйесін енгізу қажет. Заманауи қашықтықтан оқыту жүйелері:

- оқытуды орталықтандырылған автоматтандырылған тұрғыда басқаруды;
- оқытын адамның оқу контентін тез әрі тиімді орналастыруы мен жеткізіп беруін;
- ұйымдастырудағы барлық оқу іс-шараларын басқару және жоспарлау

мен өткізу аясында негізгі міндеттерді шешу үшін біріңғай платформаны;

- қашықтықтан оқыту технологиялары саласындағы заманауи стандартты қолдауды;

- оқу контентін дербестендіру және оны көп рет пайдалану мүмкіндігін;

- оқу процесіне барлық қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыру құралдарының кең ауқымын қамтамасыз етеді.

Қашықтықтан оқытуды өткізу кезінде пайдаланылатын негізгі (әрдайым міндетті емес) тәсіл, онымен жұмыс істегенде оқуға қатысушылар білім алатып және өздеріне қажетті дағдылар мен біліктерге ие болатын қашықтықтан оқыту курсы болып табылады. Қашықтықтан оқытуда пайдаланылатын қалған тәсілдер қашықтықтан оқыту курстарымен бірге қолданылады. Оларды бөлек пайдалану, олардың тиімділігін айтарлықтай кемітеді.

Қашықтықтан оқыту курсы элементтердің үлкен ауқымын қамтуы мүмкін:

- ақпараттық слайдтар;

- бағдарламалық қамтамасыз етілумен жұмысты сылтау қылу;

- интерактивті тренажерлер;

- тесттілер;

- рөлдік жаттығулар;

- және т.б.

Оқуға қатысушыларға білім беру, содай-ақ оларға қажетті дағдылар мен біліктерді дамыту мақсатында қашықтықтан оқыту курсы енгізілген түрлі элементтерден басқа, қашықтықтан оқыту курсы қашықтықтан оқыту оның көмегімен қалай жүргізілуі тиіс болатын ақпараттарды қамтиды. Көпшілік жағдайда қашықтықтан оқыту курсы, курсқа қатысушы қашықтықтан оқытудан өткен кезде қашықтықтан оқыту курсының бөлімінен бөліміне қалай көшетінін анықтайтын ережені өзіне қамтиды. Мұндай ережелер тізбесін көбінесе қашықтықтан оқыту траекториясы деп атайды.

Қашықтықтан оқыту курсының негізгі сипаттамаларының бірі, қашықтықтан оқыту саласындағы заманауи стандарттарға оның сәйкестігі болып табылады. Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту саласындағы ең көп таралған стандарт – SCORM болып табылады.

Қашықтықтан оқытуды өткізу кезінде алда тұрған маңызды міндет білім алушы мен ұйымдастырушының арасындағы өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру болып табылады. Бұл міндетті шешу үшін пайдаланылуы мүмкін құралдардың үлкен жинтығы бар.

Ең кең көлемде таралғаны мыналар:

- электронды пошта;

- чат;

- форум;

- блог;

- бейне және аудиоконференция.

Аудио және бейнеконференция кішігірім жекелеген тақырыптар баяндалатын семинарлар өткізу кезінде жиі пайдаланылады.

Қазіргі уақытта өзінің меншікті электронды білім алу ресурстарын,

бақылау және тест жұмыстарын, тіпті білім беру курстарын әзірлеуге мүмкіндік беретін ең көп таралған жүйелердің бірі Moodle жүйесі болып табылады.

Moodle – модульдік нысанды-бағытталған динамикалық орта – бұл лицензия бойынша таралатын оқытуды еркін басқару жүйесі. Бұл жүйе, ең алдымен ұйымдастырушы мен қатысушының арасындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған, дәстүрлі қашықтықтан оқыту курстарын ұйымдастыруға, содай-ақ күндізгі оқыту процесін қолдауға қолайлы.

Бұл қуатты жүйе, оның көмегімен барлық оқуға қатысушылар:

- оқуға қатысушыларды оқу контентіне қашықтықтан қол жеткізуін қамтамасыз ететін;

- оқуға қатысушылардың оқуды ұйымдастырушымен, сондай-ақ бір-бірімен қарым-қатынас құралдарын беретін;

- оқыту процесін бақылау және басқаруды жүзеге асыратын;

- жіберілетін шешімдердің интерактивті тексеруін қамтамасыз ететін өздеріне қажет құралдарға қол жеткізуге мүмкіндік алды.

Moodle қауымдастығы әлемде үлкен қарқынмен дамып, қызметтік мүмкіндіктері тәжірибеде анықталған. Бұл жүйенің ерекшелігі әлеуметтік құрастырушы педагогикасы ретінде көптілдік пен педагогикалық принциптерге негізделген. Білім мазмұны оңай беріліп, екі режимде алмасады: офф-лайн және он-лайн. Бағдарлама жергілікті серверлерден USB-тасымалдаушыларға оңай енгізіледі.

Moodle – қашықтықтан оқыту жүйесі қашықтықтан оқыту курстарын жасаудың бағдарламалық қамтамасыз ету бумасы болып табылады. Бұл жүйе Open Source секілді тегін таратылады.

Moodle дәстүрлі клиент-серверлік қосымша болып табылады, онда сервер қызметін веб-сервер атқарады (әдетте Apache), ал клиент қызметін веб-браузер атқарады (мысалы: Internet Explorer, Mozilla Firefox және т.б.). Пайдаланушылардың барлық мәліметтері, курстардың өздері сияқты серверде сақталады. Пайдаланушылар-оқуға қатысушылар-оқуды ұйымдастырушылар веб-серверге кіріп тіркелгендерін анықтап, оқу процесіне кірісе алады. Қазіргі уақытта Moodle-нің 1.9 нұсқасы шықты.

Moodle-нің 1.7 нұсқасынан бастап «рөл» деген ұғым енгізілді. Рөл қолданушының мәртебесін анықтайды. Олар – басқарушылар, курсты жасаушылар, оқытуды ұйымдастырушылар, оқуға қатысушылар, қонақтар, тьютор. Бұлардың әрқайсысы контекстке байланысты қол жеткізу мүмкіндігіне құқылы. Құқық пен рөлдің саны қажеттілікке байланысты өзгеріп отырады.

Сайттың әкімшілігі әрбір рөлдің нақты бір жүйе элемент функциясына белгілі бір құқықтарын тағайындайды.

Moodle жүйесіндегі рөлдер:

- басқарушы – жүйені толығымен басқаратын қолданушы;

- курстың жасаушысы жаңа курстар жасайды, бірақ жүйенің ғаламдық орнатылымдарын басқара алмайды;

- оқуды ұйымдастырған оқытушы нақты бір курсты оқытып, оқушыға іс-әрекет түрлерін тапсыра отырып баға қояды;

- тьютор – өңдеу құқығы жоқ курс нұсқаушысы. Ол нұсқаулар бере алады,

бірақ іс-әрекеттің жаңа түрлерін тапсырып, қолданушыларға баға қоя алмайды;
- оқуға қатысушының, әдеттегідей, нақты бір курсқа қатысып оқуға құқығы бар;

- қонақ – авторланбаған қолданушы.

Moodle жүйесі, көптеген ақпараттық жүйелер тәрізді (мәтіндер, чаттар, форумдар, ойындар және т.б.), мүмкіндіктерді ең тиімді режимде қолдану үшін тіркелуді талап етеді. Бұл жүйенің мүмкіндіктерін қарастыру алдында тіркелу қажет.

Тіркелу былай жасалады:

1. Браузердің адрестік жолына жүйе орналасқан сервердің адресін жазамыз (бұл жағдайда <http://moodle.nci.kz>). Сіздің алдыңызда Ұлттық ақпараттандыру орталығы порталының беті ашылады (2-сурет).

2. Тіркелу бөліміне көшу үшін порталдың жоғарғы оң жақ бұрышындағы «Кіру» сілтемесіне шерту керек.

3. Содан кейін «Оқуға қатысушының жаңа тіркелу жобасын жасау» сілтемесін басыңыз.

4. Сіздің алдыңызда төмендегі көрсетілген өрістері бар пішім пайда болады: Логин, Кілтсөз, e-mail, Аты, Тегі, Қаласы және Мемлекеті (3-сурет). Осы өрістерді толтырғаннан кейін, «Сақтау» түймесін басыңыз.

ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТТАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ
moodle
НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ИНФОРМАТИЗАЦИИ

Основное меню

- Электронный журнал научно-педагогических статей по информатизации образования
- СТРАТЕГИЯ информатизации системы образования Республики Казахстан до 2020 года
- Концепция создания и развития учебного телевидения в РК
- Обсуждаем, оставляем отзывы, задаем вопросы
- Анкета (ИКТ)
- Анкета
- Форум. Стратегия информатизации образования

Ссылки на другие сайты

e.gov.kz

линия

Справочник электронных адресов государственных органов РК

Категории

- Электрондық оқулықтар**
 - Бейнелеу өнері және технология, 3 сынып
 - Музыка, 3 сынып
 - Қоршаған орта, 3 сынып
- Электронные учебники**
 - Математика, 3 класс
- Озық тәжірибелер фестивалі**
 - Тәжірибемен бөлісейік
 - Талаптың мініп тұлпарын
- Болашақ бастауы**
 - Пікір жазамыз
 - Әдістемелік нұсқау
 - Ашық сабақтар үлгілері
 - Өзімізді сынап көрейік
 - Әдістемелік нұсқаулар
 - Табиғат әлеміне саяхат
 - Әдеби тағлымдар
 - Ұстаздар, ата-аналар, оқушылар сіздер үшін
- Фестиваль педагогических идей**
 - Мастер-класс
- Апробация электронных учебников по программе 12-летнего обучения**
 - Разработки открытых уроков

2-сурет. <http://moodle.nci.kz> порталының бірінші беті

Жүйеге кіру үшін пайдаланушыны жасау

Логин*

Кілтсөз*

Өзіңіз туралы ақпаратты толтырыңыз

e-mail*

e-mail (қайталау)*

Аты*

Тегі*

Қала*

Мемлекет*

Бұл пішінде толтыру міндетті өрісте * белгіленген.

3-сурет. Тіркелу пішімінің түрі

5. Жүйе сізге келесі хабарламаны ұсынады: «Сіз көрсеткен электронды пошта адресіне (мысалы, qwerty@mail.kz) тіркелуді аяқтаудың оңай нұсқаулықтары бар хат жібереді. Тіркелумен қиындықтар туындаса, сайт басқарушысымен хабарласыңыз».

6. Тіркелуді растау үшін керек соңғы қадам – тіркелуді растау.

Жүйеге кіру қолданушының аты мен кілтсөзін сәйкесінше өрістерге енгізу арқылы жүзеге асады (4-суретті қараңыз). Одан кейін «Кіру» түймесін шертіңіз.

ДО жүйесіне кіру

Сайтқа кіру
(Сіздің браузеріңізде Cookies рұқсат етілуі керек) ?

Логин

Кілтсөз

Кей курстар қонақтық енуді рұқсат ете алады

Логинді немесе кілтсөзді ұмыттыңыз ба?

4-сурет. Жүйеге кіру

Жүйеге тіркелмей, демек, қонақ ретінде де кіруге болады. Ол «Қонақ болып кіру» түймесін шерту арқылы жүзеге асады. Қонақтың құқықтары тіркелген пайдаланушының құқықтарына қарағанда шектеулі.

Әрбір курстың соңынан сеанстық тестілеу өткізіліп отырады. Компьютерлік тестілеу жүйелері келесідей болып бөлінеді:

- локалды – бағытталған жүйе (жеке компьютерлік тестілеу, нәтижелері осы жұмыс станциясында локалды түрде немесе тестілеу сеансы уақытында жүйемен құрастырылатын хаттамалар көмегімен талданады);

- топтық тетілеуге (желілік) бағытталған (кестеде жүйенің тестілеу серверінің және жұмыс станциясына орнатылған тестілеу компоненттерінің болуымен сипатталады);

- web-тестілеуге бағытталған (тестілеуді ғаламдың Internet желісі арқылы

ұйымдастыруға мүмкіндік береді, сынақ өткізуші тестілеу жүйесіне қолжеткізу үшін браузерді немесе арнайы клиенттік бағдарламаны пайдаланады);

- бланктік тестілеуге бағытталған (тестілеу сеанстарын компьютердің көмегініңсіз өткізуді қарастырады және ол бланктік тестілеу мен оның нәтижелерін ұйымдастыру үшін материалдарды дайындауға арналған);

- плезиоэмбебап (тестілеудің бірнеше тәртібін қарастырады);

- эмбебап (тестілеудің бірнеше барлық мүмкіндіктегі тәртібін қолданады).

Тестілік нысанда қолданылатын тапсырмалар түрлі типтермен сипатталады. Осы белгілеріне байланысты компьютерлік тестілеу мына түрлерге бөлінеді:

- толық (барлық базалық тапсырмалар типін тестілік формада қолданады);

- шектелген (бір немесе бірнеше типтерді қолданады);

- кеңейтілген (базалық басқа қосымша міндетті емес типтерді де қолданады).

Тестілік нысандағы тапсырманың базалық типтеріне жататындар: бір дұрыс жауапты таңдайтын тапсырма, бірнеше дұрыс жауаптарды таңдайтын тапсырма, ашық нысандағы тапсырма, сәйкестігін белгілеуге арналған тапсырма, дұрыс жүйелілігін орнатуға тапсырма.

Moodle қашықтықтан оқыту жүйесінің тестілеу жүйесіне барлық тестілік тапсырмалардың базалық типтері, сонымен қатар басқалары да кіреді.

Курстың барлық ресурстары мен элементтерінде енгізу алаңы ретінде ыңғайлы және интуитивті түрде түсінікті WYSIWYG HTML редакторы қолданылады, сонымен қатар Richtext формасында формуланы енгізу мүмкіндігі бар (5-сурет). Жүйе сүзгісі көмегімен курстың барлық беттерінде бар ресурстар мен глосарийлердің жазбаларына автоматты түрде сілтеме жасауды жүзеге асырады.



5-сурет. «Richtext өңдеушісі» терезесі

Moodle жүйесі қарым-қатынастың барлық негізгі: перцептивті (бір-бірін қабылдауға жауап береді), интерактивті (өзара қарым-қатынасты ұйымдастыруға жауап беретін), коммуникативті (ақпарат алмасуға жауап беретін) механизмдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді [19].

Төменде шебер-сынып үлгісі ұсынылады.

Шебер-сынып: «Оқу үрдісінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру».

Шебер-сыныптың ұзақтығы: 1 сағат.

Аудитория: информатика пәні мұғалімдері, жас мамандар.

Құрал-жабдықтар: компьютер, проектор.

Мақсаты: сабақта және сабақтан тыс уақыттағы қызметте қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың педагогикалық тәжірибесін ұсыну.

Міндеттер:

1. Қашықтықтан оқытудың пайда болу тарихын, қашықтықтан оқытудың негізгі кезеңдерін көрсету.

2. Оқу іс-әрекетінде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру тәжірибесін ұсыну.

3. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бойынша еліктеу ойынын өткізу.

4. Сабақ рефлексиясын өткізу.

Күтілетін нәтижелер:

- қашықтықтан оқыту курсы дайындау және ұйымдастыруды үйрету;

- педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту;

- бейнелі, креативтік, шығармашылықпен ойлау типтерін дамыту.

Шебер-сыныптың өту барысы.

I. Теориялық аспектісі. Қашықтықтан оқытудың пайда болу тарихы, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың негізгі кезеңдері.

Анықтама

«Қашықтықтан оқыту» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Ең дәл болып табылатыны келесі анықтама: қашықтықтан оқыту – білім алушыларға оқылатын материалды игеру бойынша, сондай-ақ оқыту процесінде өздігінен жұмыс істеуге мүмкіндік беру, оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың өз-ара интерактивті әрекеттесуін, білім алушыларға оқылатын материалдың негізгі көлемін жеткізуді қамтамасыз ететін технологиялар жиынтығы.

Қашықтықтан оқыту тарихы.

Қашықтықтан оқыту тарихы туралы мазмұндалады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы.

Қашықтықтан оқыту оқытуды өткізу кезінде пайдаланылуы мүмкін бірнеше түрлі технологияларды ұсынады.

Қашықтықтан оқытудың ***базалық технологиясы*** Интернет-технологияларды пайдаланудан құрылған технология болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың аз таралған технологиясы интерактивті теледидарды пайдаланудан құрылған ***телевизиялық-жер серіктік технология*** болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың тағы бір таралған технологиясы ***кейстік технология*** болып табылады.

Қашықтықтан оқыту құрал, тәсілдері.

Қашықтықтан оқытудың құрал, тәсілдері туралы.

Қашықтықтан тренинг жүйесі (ҚТЖ).

Қашықтықтан оқыту жүйесі жәйіндә.

Қашықтықтан оқыту курстары.

Қашықтықтан оқыту курстары туралы.

Өзара іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Ең кең көлемде таралғаны мыналар: электронды пошта; чат; форум; блог; бейне және аудиоконференция.

Виртуалды сынып бөлмесі.

Қашықтықтан оқытуда қиын және көлемді пәндер бойынша қашықтықтан

оқытуды жүргізу үшін қуаттырақ құрал құрылды – виртуалды сынып бөлмесі. Қашықтықтан оқытуды жүргізу кезінде виртуалды сынып бөлмесін пайдалану, қарапайым сыныптағыға ұқсас етіп оқытуды толығымен қайталауға мүмкіндік береді.

Білім алушылар: бір-бірімен сөйлеседі; бірін-бірі көреді; бір-біріне жазады; барлық білім алушылар мен оқытушылар көріп тұрған виртуалды тақтаға жазады; өз материалдарына еруге рұқсат бере алады; басқа пайдаланушының жұмыс орынына орналастырылған бағдарламалық өнімдермен жұмыс істей алады және т.б.

Электрондық кітапхана.

Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушыларға тиімді іздеуді қалыптастыру, материалдарға қол жетімділікті жеңілдету үшін электронды кітапханаларға ену ұсынылады.

Web 2.0 Қашықтықтан оқытуды құруда қазір Web 2.0 құралдары үлкен сұранысқа ие.

Автономды оқыту.

Қашықтықтан оқытудың дамуына кедергілердің бірі аймақтарда жақсы байланыс арналарының болмауы болып табылады.

Қашықтықтан оқытуды жүргізу кезінде пайдаланылатын ең танымал құралдар мен сервистер.

Бүгінде қашықтықтан оқытуды жүргізу кезінде түрлі құралдар, сервистер мен технологиялардың үлкен ауқымы пайдаланылады. Бірінші ондыққа кіретін қашықтықтан оқытудың бірден бір мамандандырылған құралы Moodle қашықтықтан оқыту жүйесі болып табылады.

Қашықтықтан оқытуды жүргізу схемасы.

Бүгінде қашықтықтан оқытуды жүргізудің ең танымал схемалары болып табылатындар:

- қашықтықтан оқыту курстарын пайдалана отырып қашықтықтан оқыту;
- тренажерларды пайдалана отырып қашықтықтан оқыту;
- вебинарларды пайдалана отырып қашықтықтан оқыту;
- бейнесабактарды пайдалана отырып қашықтықтан оқыту;
- электрондық оқулықтарды пайдалана отырып толық өздігінен қашықтықтан оқыту.

II. Қашықтықтан оқыту әдісін ұйымдастырудағы жұмыс тәжірибесін көрсету.

III. Білім алушылармен еліктеу ойындарын өткізу. «Информатика бойынша емтиханға дайындалу» қашықтықтан оқыту курсы мысалында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру.

IV. Алынған нәтиже.

- мұғалімдер сабақта оқу жобасын пайдаланудан практикалық тәжірибе алды;
- кәсіби құзыреттіліктерін, АКТ құзыреттіліктерін арттырды [20].

4 Білім беру ұйымдарының басшылары мен мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсыныстар

Бүгінгі таңда, білімді жетілдірудің стратегиялық міндеттерін орындау бойынша нақты іске көшуге және ең алдымен кадрлық әлеует сапасын арттыруға бағытталған қызмет біліктілікті арттыру жүйесінен үміт етілуде.

Бүгінде білім беруді жаңартудың негізгі міндеті қоғамға әлеуметтік жағынан белсенді бейімделе алатын және еңбек жолы басында өзінің өмірлік таңдауын жасай алатын, білімін жалғастырып, өздігінен білім алып және өзін-өзі жетілдіре алатын жан-жақты дамыған тұлғаны дайындауда мемлекет пен қоғамның, жеке тұлғаның өзекті және перспективалы қажеттіліктеріне сай келетін білім беру сапасына қол жеткізу болып табылады.

Демек, жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді.

Заманауи білім беруді реформалау педагогикалық кадрларға жаңа талаптар қояды. Еркін және белсенді ойлай алатын, өз қызметінің нәтижесін болжай алатын және сәйкесінше оқу-тәрбие процесін үлгілей білетін педагог қойылған міндеттердің шешімін табудың кепілі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, білім беру тиімділігіне кері әсер ететін және сапаны төмендететін жағдай деп ата-аналар мен оқушылар алдыңғы кезекте оқушылармен жеке байланыстың жоқтығын, екіншіден мұғалімнің кәсібилігінің төмендігінен деп санайды. Осылайша мұғалім білімді дамытудағы міндеттерді шешуге тиісті негізгі субъект болып қалады. Мұғалім білім сапасын көтерудегі ресурс болып табылады.

Осыған байланысты заманауи білім берудегі басты міндет білім сапасын көтерудегі фактор болатын педагогтардың кәсіби жоғарылауы [21].

Білімдегі түбегейлі өзгерістер білім саласындағы негізгі фигура болып табылатын және білім жүйесі мен оның жаңаруына тікелей қатысатын педагогтың жеке тұлғасына қойылатын талаптардың күшеюін көздейді. Мұғалім білім алушыларды бәсекеге қабілетті жеке тұлға, болашақ маман ретінде қалыптастырады, сондықтан білім беру модернизациясы педагогтың рухани, әлеуметтік ұстанымына байланысты болады.

Қоғамға жан-жақты ойлайтын, кез келген мәселені шешуде жол табатын, салыстыра білетін, талдай, зерттей алатын, тығырықтан алып шығатын жол табатын, білім алушыны бірегей тұлға ретінде қалыптастыратын мұғалімдер керек.

Бүгінгі күннің талабы педагог-зерттеуші, педагог-психолог, педагог-технолог. Педагогикалық қызмет барысында туындайтын кәсіби міндеттерді тиімді, рационалды, табысты шешу үшін, мұғалімдердің кәсіби, инновациялық, коммуникативті, құқықтық құзыреттері болуы керек [22].

Жалпы білім беретін заманауи мектептерде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді формалары пайда болды, алайда әртүрлі жұмыс түрлері

арасында нақты қызығушылықтар мен мұғалімдердің талабын ескеретін қажетті байланыс жоқ. Жүйе пайда болуы үшін педагогикалық шеберлікті дамытудың пайдалы және қолжетімді әдістерін табу керек. Солардың бірі *мектептегі әдістемелік жұмыс*. Жекелеген пәндер, бағдарламаның нақты тақырыптары бойынша педагогикалық кеңестің шешімдерін жүзеге асыру бойынша мектепте пәндік әдістемелік бірлестіктер жұмыс істейді. Бірлестіктің неғұрлым оңтайлы құрамы бір пәннің 4 – 5 мұғалімінен құралады. Әдістемелік бірлестіктерді үлкен мектептерде немесе үш-төрт не одан да көп мектептердің мұғалімдерін біріктіретін орталықтарда жасаған тиімді болып саналады. Пәндік бірлестіктердің отырыстарында, мысалы, «Құрмалас сөйлем» тақырыбын оқыту тәрізді мәселелерді қарастырумен шектелмеу қажет. Оқытылатын ғылым саласының жаңа зерттеулерінің нәтижелерімен, жұмыстың әдістемелік тәсілдерімен танысу, оқытудың техникалық құралдарын зерделеу, мұғалімдердің іс-тәжірибелерінің нәтижелері туралы баяндамалары мен хабарламаларын тыңдау пайдалы болып табылады. Оқу процесіне қойылатын заманауи талаптар және қажетті теориялық негіз тұрғысынан мұғалімдер үшін – жақсы мектеп болып табылады.

Ғылыми-теориялық конференциялар мен педагогикалық оқулар. Көптеген мектептерде жылына бір рет мұғалімдердің өзіндік ізденістерінің есебі ретінде реферат, баяндама, хабарламалар дайындап, ғылыми-теориялық конференциялар өткізіп отырады. Мұғалімдер озық тәжірибелермен танысып, пікір алмасады, конференцияға алдын ала дайындалады, педагогикалық процесті байытатын шығармашылық ізденістерімен бөліседі.

Мұғалімдердің білімдерін өздігінен көтеруі. Біліктілікті арттыру бойынша жұмыстың ұжымдық формаларын және мұғалімдердің идеялық-теориялық деңгейін білімді өздігінен көтеруде біріктіру қажет. Жұмыстардың ұжымдық және тұлғалық түрлерінің үйлестігінде ғана, әр мұғалімнің біліктілігін арттыру мен ой-өрісін үнемі кеңейту проблемасының шешімі табылады. Педагогикалық және психологиялық ғылымдардың талаптары жағынан өз жұмыстарының мазмұны мен әдістерін қайта қарастыру, мұғалімдердің өздігінен педагогикалық біліктіліктерін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Жаңа бағдарламалар мен оқулықтарды зерделеу, олардың ерекшеліктері мен талаптарын түсіну; қосымша ғылыми материалдарды зерделеу; есептер шығару бойынша өзіндік жұмыстар жүргізу, зертханалық және практикалық жұмыстар, тәжірибелер мен жаттығулар ұйымдастыру; оқытудың техникалық құралдарын меңгеру пән бойынша өздігінен білімін көтеру жұмысының маңызды бағыттары болып табылады. Әдістеме саласында саралап оқыту тәсілдеріне, оқушылардың ойлау әрекетіне, өзіне-өзі қызмет ету қабілетінің, тәжірибелік дағдыларының дамуына және өз пәні бойынша сабақ барысында және сабақтан тыс әрекеттеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Педагогикалық білімін өздігінен көтеру түрлі жолдармен жүзеге асырылады, мысалы: әдеби, арнайы және педагогиканың жаңа әдебиеттерін зерделеу барысында қажетті деректерді жазып алу, конспектілер немесе тезистер құрастыру. Көптеген мұғалімдердің қажетті материалды ыңғайлы қолдануға арналған арнайы картотекалары бар. Егер өздігінен білімін көтеру мақсатқа бағытталған, жоспарлы және жүйелі

болса, онда ол оң нәтижелер беруі сөзсіз. Сонымен қатар өздігінен білімін көтеру жоспарын құру да пайдалы

Жас мұғалімге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Мектепке жас мұғалім келді. Оқушылармен жұмыс істеуге дайын ба? Жоғары оқу орны қалай жақсы оқытқанымен, дайындағанымен нағыз шеберлік мектепте, балалармен жұмыс істеу, тәжірибе барысында қалыптасатыны сөзсіз. Болашақ мұғалімнің шеберлік деңгейін анықтайтын сапалар негізінен бірінші жылы, бірінші күндерден бастап қарқынды қалыптаса бастайды. Негізінен жас мұғалім қалалық мектептің күшті педагогикалық ұжымына келсе жақсы деген ұғым бар. Бұл жерде әдістемелік құралдар да, тәжірибелі мұғалімдер де, кітапханалар да жанында, жақын жерден табылады. Сонымен қатар, қалалық жердің өзіне тән қиындықтары да бар: бұндай мектептерде – жоғары деңгейлі талаптар, жетілген оқушылар, дайындалған ата-аналар. Ал жас мұғалімге ауылдық мектепте қалай болу керек? Онда мұғалім жалғыз деп айтуға болады, тіпті кейде екі-үш пәнді қатар алып жүруі керек және әр түрлі сыныптарда сабақ беруі тиіс, сұрайтын әріптесі болмауы мүмкін және құралдарды табу да қиындықтар тудырады. Түрлі жағдайлар көмектің де түрлі жағдайларына мәжбүрлейді, бірақ есептесуге тура келетін ортақ жағдайлар да болады. Жас мұғалім өзінің еңбек жолының алғашқы кездерінде қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін? Ең алғашқы қиындық – жас мұғалім оқыту саласындағы тақырып бойынша нақты материалды толық білмеуі мүмкін. Мысалы ол Ньютон заңын біледі, бірақ оған Ньютон заңының мәнін толық және түсінікті қылып ашып беру өте қиын. Жас мұғалім материал іріктеу, сабақты дайындау және т.б. мәселелерден қиындықтар көреді. Негізінен ол жұмыстың әдістерін білмейді. Жас мұғалімге көмек көрсету мектепте қолайлы жағдай жасау және оның еңбегін ақылға қонымды реттеуден басталуы тиіс. Жүктемесін өте мұқият ойластыру, сабақ кестесін ыңғайлы құрастыру, сонымен қатар сынып жетекшілігін оның мүмкіндіктерін ескере отырып беру қажет. Жас мұғалімге көмек көрсетуді ұйымдастырудың орталық буыны – бұл онымен алдын ала жүргізілетін жұмыс. Оған баяндамалар оқудың, теориялық сабақтар өткізудің қажеттілігі жоқ. Жас мұғалімге тәжірибелік кеңестер қажет, мұндай көмек келесідей болуы мүмкін: а) алдын ала сипатта және жас мұғалімдердің барлық тобын қамтитын; б) көмек жеке-ескертпе сипатта және нақты сабақтар мен түрлі іс-шараларға дайындықпен байланысты болуы мүмкін; в) көмек жас мұғалімнің жұмысымен танысудың нәтижесінде көрсетілуі мүмкін. Жас мұғалімдермен алдын ала әңгімелесу мектептің дәстүрлерімен, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерімен таныстырудан басталады. Мектеп директоры кабинеттерді, сыныптарды, мектеп жанындағы учаскесін көрсетеді. Сабаққа дайындалуға, оқу процесінің ұйымдастырушылық жақтарына ерекше көңіл аударылады. Жас мұғалімдермен тәжірибелі ұстаздар да әңгімелеседі. Сабақтарына қатысып, жоспарларын қарастырып, оқушылардың білімдерін тексеріп мектеп жетекшілері мұғалімнің кәсіби жетілуін, педагогикалық сапаларының өсуін біртіндеп қамтамасыз ете алады. Жоғары оқу орнында алынған дайындық, шеберлікті қалыптастыру мәселелерін шеше алмайды. Тек қана білімін өздігінен жетілдіру және шығармашылық ізденіс арқылы ғана, мұғалім өзіндік шеберлікке қол жеткізе

алады. Оған осы жауапты кезеңде мектеп басшылары мен мұғалімдері көмек көрсетулері тиіс. Педагогикалық этика мен педагогикалық техникаға үлкен көңіл бөлінеді. Мектеп басшылары тактикалық түрде бұның бәрін жас педагогқа түсіндіруі керек. А.С.Макаренко: «Мен үшін... мұндай ұсақ-түйектер шешімін тапқан: қалай тұру, қалай отыру, орындықтан, үстел басынан қалай тұру, дауысты қалай көтеру, жымию, қарау», - деп дәл айтқан. Институттан алған дайындық шеберлікті қалыптастыру мәселелерін шеше алмайды. Тек қана өз білімін көтеру және шығармашылық ізденістер арқылы ғана мұғалім шеберлікке жетеді. Оның қалыптасуының осындай нағыз жауапты кезеңіне мектеп басшылары көмектесуі тиіс. Жас мұғалімнің қандай болатынына олардың айтарлықтай дәрежеде қатысы бар [23].

Үздіксіз педагогикалық білімді жетілдіру мақсатында педагог кадрлардың білімін арттырудың қалалық, облыстық жүйесіне *педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың мектепшілік жүйесін* ұйымдастыруды ұсынамыз. Аталған жүйе үздіксіз білімнің негізгі бөлігі бола алады және дайындықтың теориялық және әдістемелік сәйкес деңгейлерін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ мектепшілік өзіндік педагогикалық тәжірибенің қалыптасуына және педагогикалық жаңартуларды сынақтан өткізуге ықпал етеді.

Мамандардың біліктілігін арттырудың мектепшілік курстарының жұмыс істеуі тұтас және үздіксіз білім алу болып табылуы мүмкін, ал мұғалімдердің бір-бірімен қарым-қатынас жасауы мен байланыстары оның негізгі элементтері болып табылады.

Курс бағыттарының маңызды ерекшеліктерін сипаттайтын:

- жаңа білім, білік және дағдыларды үздіксіз жетілдіріп отыруға бағытталған *дамытушылық*;
- педагогикалық шеберлікке ынталандыратын, *ғылыми-педагогикалық ізденіс*;
- қажетті нәтижеге жету үшін оқу процесінің барлық қатысушыларын біріктіретін *интегративті* функцияларды анықтауға болады [24].

Біліктілікті мектепшілік жетілдірудің мақсаты:

- мұғалімдердің білім қажеттіліктерін есепке алу негізінде мектеп жүйесінің педагог мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру;
- мұғалімдерді бірінші және жоғары біліктілік санаттарын алуға дайындау.

Біліктілікті мектепшілік жетілдірудің міндеттері:

1. Әдістемелік қиындықтарды диагностикалау арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін зерделеу.
2. Педагог мамандардың білім қажеттілігін анықтау негізінде олардың біліктілігін жетілдірудің әдістерін, формаларын, мазмұнын және құралдарын әзірлеу.
